

«Жайлы мектеп» қатары көбейеді

2-бет



Алты алашқа әйгілі азамат еді...

5-бет



Сергелденге салған саф сезім

8-бет



ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН

1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТИ

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz/

БЕЙСЕНБІ, 26 ҚЫРКҮЙЕК, 2024 ЖЫЛ №108 (23 430)

www.facebook.com/ortalyq.kz/ info@ortalyq.kz

Бала тәрбиесі бейқамдықты кешірмейді

Жақында Ішкі істер министрлігі барша ата-аналарға үндеу жасады. Биылғы сегіз айда полиция қызметкерлері есірткі таратуға қатысқаны үшін 30 кәмілетке толмаған баланы ұстаған. Олардың қатарында 14 жастағы жасөспірімдер де бар. Мұндай дерек біздің облыста да тіркеліп отыр. Былтыр – сегіз, биыл алты кәмілетке толмаған жас есірткі таратқаны үшін ұсталған. Оның үшеуі – колледж студенті мен жоғары сыныптың екі оқушысы қазір кәмілеттік жасқа толмағандардың қалониясында жазасын өтеп жатыр. Бірі – жеті жарым, екеуі бес жарым жылға бас бостандығынан айырылды.



Президент Жолдауы – ел мүддесі

Жансая ОМАРБЕК, «Ortalyq Qazaqstan»

Жалпы елде, Президент пәрменімен есірткі бизнесімен күрес күшейген. Есірткіге қатысты қылмыстың кез келген түрі үшін жауапкершілік те артқан. Үкімет Қаулысымен былтыр нашакорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы жүретін 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспары бекітілді. Оның мәні – есірткіге қарсы күреске барлық мекемелерді жұмылдыру. Яғни, күштік құрылымдар ғана емес, барша мекеме, мемлекеттік органдар, үкіметтік емес ұйымдар ортақ мақсат аясында ұйымдасуы қажет. Кейін құжат негізінде аймақтың өз кешенді жоспары жасалып, қабылданды.



Қолымен жазған Ш.Алибеков

масының аға жедел уәкілі Кирилл Корниенко.

Ол есірткі сайттарын жарнамалап, граффити жазғаны үшін Теміртау және Қарағандының екі тұрғыны ұсталғанын айтты. Үкіметтік емес ұйым, еріктілердің күшімен жыл басынан бері ауалардағы 10 мыңнан астам граффити өшірілгенін де тілге тиек етті. Десе де, жүргізіліп жатқан ша-

раларға қарамастан, есірткімен күрес оң нәтиже берер емес. Мұны осы жолғы Жолдауында Президенттің өзі айтты.

«Тағы бір маңызды міндет – есірткі саудасына және нашакорлыққа қарсы күрес. Бұл – ұлттың генетикалық қорын аман сақтап қалу мәселесі деген сөз. Біз осыған дейін қажетті заңнамалық шараларды қабылдадық. Бірақ нақты нәтижеге

қол жеткіздік деуге әлі ерте. Әрбір мемлекеттік құрылым, әсіресе, құқық қорғау органдары тиімді жұмыс істеп жатыр деп айта алмаймыз. Есірткі мәселесі ұшығып барады», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мәселенің күн санап ұшығу себебін сала мамандары ақпараттық технологияның қарыштауымен байланыстырады.

► 4-бет

Шешім халықпен бірге қабылданады

Өздеріңізге мәлім, АЭС бойынша референдум Қазақстанда 6 қазанда өтеді. Атом электр станциялары тарихын зерттесек, алғашқы атом электр станциясы 1950 жылдары жұмыс істей бастаған. Сол уақыттан бері әлем атом энергетикасын энергия көзі ретінде қарастыруда екіге бөлінді.



Ғасырлар бойы дүние жүзіндегі экономикаларды индустрияландыру көмір, табиғи газ және мұнай сияқты қазба отындарының арқасында мүмкін еді. Тек соңғы жылдары елдер күн және жел энергиясы сияқты баламалы, жанартылатын көздерге жол ашты.

1950 жылдары әлемнің көптеген елдеріне мұнай мен газ импортына тәуелділікке балама және қазба отындарына қарағанда әлдеқайда аз ластайтын энергия көзін ұсына отырып, алғашқы коммерциялық атом электр станциялары жұмыс істей бастады.

Қазіргі уақытта қолымызда бар барлық энергетикалық баламалармен салыстырғанда, көптеген сарапшылар атом энергиясы, шынмен де, ең таза көздердің бірі деп санайды.

Сонғы уақытта Еуропалық комиссия атом энергетикасына қатысты нақты ұстанымға ие болып, оны экологиялық тұрақты, экономикалық қызмет түрлерінің тізімін белгілейтін жіктеу жүйесінде «Жасыл энергия көзі» деп атады.

Атом энергиясы таза және оны өндіруде шығарындылар болмауы мүмкін болса да, сарапшылар бұл энергияның жасырын қауіптілігін атап көрсетеді.

Яғни, ол – ядролық қалдықтар. Ядролық реакторлардың жоғары радиоактивті және улы жанама өнімі ондаған мың жылдар бойы радиоактивті күйінде қалуы мүмкін. Дегенмен, бұл – әлі де климаттың өзгеруіне қарағанда әлдеқайда оңай шешілетін экологиялық мәселе. Мұның басты себебі «атом энергиясын өндіру нәтижесінде пайда болатын ядролық қалдықтардың 90%-ын қайта өңдеуге болады» дейді мамандар.

Бұл мәселеге қатысты көпшілікте қорқыныш бар. Осы арада кәсіби мамандар өз ойларын халыққа жеткізуі керек деп ойлаймын. Қарапайым халық АЭС жұмысын жіті біле бермейді. Сондықтан, кәсіпқойлардың дауысы өте маңызды.

Бүгін біз елдің одан әрі дамуына әсер ететін барлық маңызды шешімдер халықпен бірге қабылданатынын көріп отырмыз. Бұл – жаңа саяси мәдениеттің қалыптасуы. Сол себепті әрбір азаматты осы мәселені зерттеп, 6 қарашада өз дауысын беруге шақырамын.

Әйгерім ЖЕТПІСОВА, Қарағанды технология және сервис колледжінің педагог-психологі

АЭС – ең сенімді энергия көзі

Жуырда Мәжіліс депутаттары, эколог мамандар, қоғам белсенділерінен құрылған штаб Ақтоғай ауданында болып, сонымен қатар, Сарышыған, Шашубай кенттеріне, Кежек, Жидебай ауылдарына барып, тұрғындармен кездесті. Кездесу барысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауындағы бағыттарды таныстырып, АЭС салудың қажеттілігі түсіндірілді.



Смағұлұлының айтуынша, АЭС салудың тиімділігі мен пайдасы зор. Энергия тапшылығы сыртқы көздерге тәуелділікті көбейтетініне назар аударып, дұрыс шешім қабылдау қажет. Атом электр стансасы бүгінде еліміздің энергия қажеттілігінің 70%-ға жуығын қамтамасыз ететін қоршаған ортаға елеулі зиян келтіретін көмір қаздыруға мүмкіндік береді, бұл Қазақстанның климат өзгеруіне қосқан маңызды үлесі болмақ.

Кездесуде тұрғындар ойларын білдіріп, күдіктері де, қорқыныштары бар екенін жасырмады. Жиын кезінде дұрыс ақпарат ұсынылып, көзбе-көз жүздесу халық көкейіндегі біраз сұраққа жауап берілді.

Өз тілшімізден

Ақтоғай ауданы

• БАСПАСӨЗ ТУРЫ

Мектеп мәзірінің мәселесі не?

Мектептегі ыстық тамақ – өскелең ұрпақтың физикалық және психикалық денсаулығын қамтамасыз ететін факторлардың бірі екені сөзсіз. Бұл мәселе жіті назар аударулы қажет етеді. Бұл тұрғыда ата-аналар да белсенді атсалыса алады. Олар ведомстваралық сараптамалық топ құрамына кіріп, мектептерде берілетін тамақтың қолжетімділігі мен сапасына қадағалау жасауға мүмкіндігі бар. Оның үлгісін арнайы ұйымдастырылған баспасөз туры аясында Абай атындағы мектеп-гимназиясында көрдік.

Жансая ОМАРБЕК, «Ortalyq Qazaqstan»

Мектеп асханасының жұмысы ерте басталады. Мұнда бірінші ауысымға, сосын екіншісіне тамақ дайындап үлгеру керек. «Кешегі қалғаны бар ғой» деген түсінік жүрмейді мұнда. Күнделікті жаңа мәзірге сәйкес, жаңа тағам жасалуы керек. Мәзірді білім басқармасы арнайы стандарттар негізінде бекітеді. Бұға пісірілген тағамдар, ет және көкөністер – аймақтағы барлық мемлекеттік мектептердің стандартты мәзірі. Оқушылардың өсіп келе жатқан ағзаның қажеттіліктерін ескере отырып, арнайы жұмыс тобы әзірледі. Гарнирге картоп пюресі, қарақұмық, күріш, макарон дайындалады. Бір аптаға бекітілген мәзірде тауық, сиыр еті қосылған тағамдар, фрикаделька-



лар, котлеттер немесе балық болуы мүмкін. Негізгі шарт – майлы және жоғары калориялы тағам болмауы тиіс. Негізгі тағамдарға қосымша қайнатылған және жаңа піскен көкөністерден жасалған қарапайым салаттар беріледі.

Әр мектепте бракераждық комиссиялар бар. Олардың басты міндеті – пісірілген тағамдардың сапасын бақылау. Күн сайын олар таңғы ас пен түскі астан сынама алады, тек содан кейін ғана ол балаларға ұсынылады. Ақпараттық тактадағы мәзір тізімінде ұсынылатын тағамдардың құрамын да, құнарлылығын да білуге болады.

Баланың күнделікті не жегенін Алақан сканері арқылы ата-аналары біліп отырады. Сонымен қатар, мектептердің күнделікті мәзірі оқу орындарының сайттарында, Bilimal – «Электронды мектеп» электрондық платформасының арнайы бөлімдерінде және EduMark қосымшасында жарияланады. Ата-аналар мұнда өз пікірлері мен бағаларын қалдыра алады.

Мектеп-гимназия директоры Жадра Баймолдинаның айтуынша, «Алақан мектеп» аппараттық кешені жобасы оқу жылының басында пилоттық режимде осы білім ордасына ғана қосылған.

«Алақан» сканері арқылы балалар асханаға барғаны және тамақ ішкенін біліп отыруға болады. Сонымен қатар, «Алақан» жүйесінде баланың мектепке келген уақыты да көрсетіледі. Бұл деректер де қосымша арқылы ата-аналарға беріледі. Оның көмегімен балалардың кітапханаға барғаны да тіркеліп отырады. Яғни, сканер баланың мектепке келуін, асхана мен кітапханаға барғанын жазып отырады. Жоба гимназияда пилоттық режимде іске қосылған және «Алақан мектеп» аппараттық кешенінің құрамына кіреді, – деді Жадра Баймолдина.

► 4-бет

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

•EUR/KZT 533.77

•USD/KZT 479.71

•RUB/KZT 5.16

•CNY/KZT 68.22

Қазақстан Ұлттық Банкінің 25 қыркүйек, 2024 жылғы дерегі бойынша



«Жайлы мектеп» қатары көбейеді



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛАСЫНЫҢ ӨКІМДІГІ

Мемлекет басшының тікелей тапсырмасымен бүгінгі таңда жер-жерде «Жайлы мектеп» жобасы жүзеге асып жатыр. Білім күні қарсаңында Қарағанды қаласында бұл жобаның алғашқысы балдырғандарға есігін айқара ашса, алдағы уақытта тағы екеуі оқушылар игілігіне берілмек. Ұлттық жобаның жай-жапсары аймақ басшысының бақылауында. Осы орайда облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев Қарағандыда Көгілдір тоғандар мен Оңтүстік-Шығыста салынып жатқан екі мектептің құрылыс жұмыстарының барысын арнайы көруге барды. Биыл берілуі тиіс бұл екі мектептің ғимараттары тұрғызылды, қазір ішкі жұмыстары мен аумақты абаттандыру қолға алынған. Мердігерлер жұмыстың барысы туралы баяндады.



Көгілдір тоғандарындағы «Томирис» тұрғын үй кешенінде 1200 орындық жайлы мектеп салынауда. Мектептің ашылуы сыныптары толық №77 мектептің жүктемесін азайтуға мүмкіндік береді. Таратылған деректерге сүйенсек, педагогтар штаты толық. Оқушылардың ата-аналарынан өтініштер қабылдануда.

Оқу құралдарымен толық қамтамасыз етілген. Сынып бөлмелерінің құрал-жабдықтары да әзір. Қажетті жиһаз Қарағанды өнімі екенін атаған абзал. Өйткені, жайлы мектептерді салу және жабдықтау кезінде отандық өнімді пайдалануға ерекше назар

аударылууда.

«Гүлдер» шағынауданында ашылатын жаңа оқу орны 300 оқушыға есептелген. Ашылғаннан кейін көршілес орналасқан Ы.Алтынсарин атындағы мектеп-лицейдің жүктемесі азаяды.

Ермағанбет Бөлекпаев оқушылардың қауіпсіздігіне басым назар аударылатынын атап өтті. Жаңа мектептерге ыңғайлы кіреберісті қамтамасыз ету міндетті.

Естеріңізге сала кетейік, 1 қыркүйекте Қарағандыда 2000 орындық алғашқы жайлы мектеп ашылды. Ол «Кендала» шағынауданында салынды. Жаңа оқу орны қаланың Оңтүстік-Шығыс бөлігіндегі төрт мектептің жүктемесін азайтты. Бірінші кезекте Әлімхан Ермеков атындағы мектеп-лицейінің оқушылары көшіп келді.

Қарағанды облысында «Жайлы мектептер» ұлттық жобасы бойынша сыйымдылығы 12,5 мың орындық 18 нысан салынады деп жоспарланған. Жаңа заманауи мекемелер облыс орталығында ғана емес, Балқаш, Абай, Приозерск қалаларында, Бұқар жырау, Шет, Қарқаралы, Нұра аудандарында да бой көтереді.

Жалпы, «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы оқу орындарының тапшылығын шешуге, апатты мектептерді және үш ауысымды оқытуды жоюға бағытталған. 2024-2025 жылдары 740 мың оқушы орны бар 369 мектеп салу жоспарлануда.

Өз тілшімізден

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Халықпен пікір алмасты



Атом электр стансасын салу жөніндегі халықтық штабтың республикалық және облыстық бөлімшелерінің өкілдері, Парламент Мәжілісінің депутаттары Бауыржан Смағұлов, Арман Қалықов түсіндіру мақсатында Балқаш қаласында болды. Алғашқы кездесу М.Хамзин атындағы мәдениет сарайында өтті.

Нұрлос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

АМАНАТ партиясы Қарағанды облыстық филиалының төрағасы Бекзат Алтынбеков балқаштық ардагерлер алдында сөз сөйлеп, АЭС құрылысының маңыздылығы мен өзектілігін жеткізді.

Депутат, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Экология және табиғи ресурстарды басқару комитетінің хатшысы Бауыржан Смағұлов өз сөзінде еліміздің энергетика саласын трансформациялаудың маңызды кезеңінде тұрғанын атап өтті. Өйткені, 30-40-жылдары салынған жылу электр станцияларының тозу деңгейі 70%-ға жетеді.

Баяндамашы сонымен қатар, атом энергиясын пайдаланудың технологиялық ерекшеліктерін, заманауи атом электр станцияларын салу кезіндегі қауіпсіздік шараларын түсіндіріп, еліміздің кадрлық ресурстары мен ғылыми әлеуеті мен энергетика саласын дамытудың келешегі туралы айтты.

Одан кейін диалог форматында өткен кездесуде қала ардагерлері Кенжетай Сағымбеков, Берікбол Мейрағазин, Жұмабай Игембаев, Қадыржан Тейлянов өз тілектері мен ұсыныстарын ортаға салды. Аға ұрпақты көлдің, балық қорының бо-

лашақ тағдыры алаңдатады. Өйткені сонау 30-жылдары мыңдаған қазақты аштықтан аман алып қалған осы көліміз еді. Және ол ұрпақ үшін сақталуы тиіс.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Арман Қалықов, Су шаруашылығы министрлігінің басқарма басшысы Сәкен Әтел, Қарағанды облысы бойынша экология департаментінің басшысы Дархан Есжан жерлеріміздің сауалдарына жауап берді.

Атом электр станциясын салу жөніндегі штаб мүшелерінің халықпен кездесулерінің бірі Қоңырат кенішіндегі басқосу. АМАНАТ партиясы облыстық филиалының төрағасы Бекзат Алтынбеков кеншілерге қажырлы еңбектері үшін алғысын білдірді.

Қоғам қайраткері Майра Әбдірахманова ауқымды жобаның кадрлық құрамдас бөлігін еске салды. Жиынды қорытындылаған Бекзат Алтынбеков кеншілерді референдумға қатысуға шақырды.

Енді әрқайсымыз референдумға қатысып, өз таңдауымызды жасауымыз керек. Бұл – уақыттың талабы.

«Феникс» сауда орталығы ашылды



Президент тапсырмасын орындай отырып...

Қазіргі таңда Балқаш қаласында тұрақты қолдаулардың арқасында кәсіпкерлікке бетбұрыс жасағандар қатары көбейіп келеді. Осындай оңды істердің жалғасы ретінде жақында қалада «Феникс» сауда орталығы ашылды.

Нұрлос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

105 адамды тұрақты жұмыспен қамтылған сауда үйінің ашылу салтанатына қатысқан қала әкімінің орынбасары Руслан Сыздықов шаһар тұрғындарын кезекті ауқымды жобаның жүзеге асуымен құттықтап, кәсіп иесіне жылы лебізін білдірді.

– Бүгін қаламызда тұңғыш рет заманауи үлгідегі сауда орталығы ашылып отыр. Жыл сайын кәсіпкерлеріміз өз кәсібін ашуда. Сондықтан, біз осындай азаматтарды қолдауымыз керек. Кәсіпкер сауда үйіне қомақты инвестиция салды. Туризм саласын дамытып жатқан қаламыз үшін мұндай сауда кешені өте қажет. Алдағы уақытта жаңа орталық халық игілігіне қызмет етеді деп сенеміз, – деді Руслан Сыздықов.



«Феникс» сауда орталығы иесінің айтуынша, орталық ауданы 5000 шаршы метрді құрайды. Үш қабатты жеке ғимарат қажетті заттармен қамтылған. Бірінші қабатта бөлшек сауда бутиктері мен азықтүлік өнімдерін сатады. Екінші және үшінші қабаттар өнеркәсіптік тауарлар мен тұрмыстық химияға арналған. Сонымен бірге, үшінші қабатта дәмханалар мен балаларға арналған ойын алаңдары бар.

Сауда орталығының құрылысына «Халық банкі» АҚ несие берген. Кәсіпкер «Даму» кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы бойынша субсидия алып, өзі қосымша қомақты қаражат салған. Тапсырысқа сәйкес 2023 жылдың 1 ақпанынан бастап, мердігер «ПромТехСтройМонтаж 2011» ЖШС жекеменшік жер телімінде ауданы 6306 шаршы метр жаңа сауда үйінің құрылысы бойынша құрылыс-монтаж жұмыстарын бастаған. Нысанға қызмет көрсету және алаңы 513 шаршы метрі автотұрақ ұйымдастыру үшін мемлекеттен жекеменшікке қосымша жер телімі сатып алынған.

Бүгінгі есігін айқара ашқан «Феникс» сауда орталығы тұтынушылар көңілінен шығып отыр.

Сауда орталығының бірінші қабатында жаңа піскен жемістер, көкөністер, ет өнімдері, кондитерлік өнімдер орналасқан. Ет өнімдерін саудалаған жеке кәсіпкер Мамыр Қияшева сауда орталығында қолайлы жағдай жасалғандығын жеткізді.

– Бүгін 224 келі сиыр етін саудаға шығардым. Базар бағасымен бірдей ұстап, тұтынушыларға ұсынып жатырмыз. Етінді бөлшектейтін және сақтайтын мұздатқыштар қарастырылған. Қаламызда осындай халық үшін

ашылған сауда орталығына көңіліміз толып, шын қуандық, – деді Мамыр Қияшева.

Байқағанымыздай екінші қабатта ұлттық нақыштағы киімдер, ерекше сәнмен тігілген киімдер де бар. Бір-біріне ұқсамайтын камзол мен кәжекейлерге нәзікжандардың сұранысы да жоғары екен. Сонымен қатар, Дубай, Түркия, Египет елдерінен тапсырыспен алынып, дайындалған киімдер сапалылығымен де ерекше көзге түседі.

Жеке кәсіпкер Жандос Өнербекұлының бизнесте жүргеніне 5 жыл болыпты. Оның бүгінде қаламызға танымал бір сауда орталығы бар. Ал, мына сауда орны осымен екіншісі. Мұнда екі сатушы жұмыс істейді. Барлығы да аталмыш салада біраз жүр. Олардың жақсы жұмыс істеуі үшін дүкен иесі барлық жағдайды жасаған. Әсіресе, тұтынушының талғамын қанағаттандыру қамында тауардың уақытылы келуі де қарастырылған.

– Бұл – фирмалық сауда орны болғандықтан, тауарды тікелей Дубай, Түркия, Египет елдерінен алдырамыз. Бағасы да сәйкестендірілген. Біз тұтынушы талғамына және келісімімен жұмыс істейміз. Бұл сауда нүктесінің бірқалыпты жақсы жұмыс істеуі үшін тиімді. Біздің сауда орнынан әртүрлі жастағы қыз-келіншектер өздеріне керекті заттарын таба алады. Сонымен қатар, сауда орнында балалар мен ерлердің киімдері де бар. Бұл жерден жылдың төрт мезгілінде киетін киім-кешекті сатып алуға болады, – дейді Жандос Көкеев.

Үшінші қабатта балалар үшін ойын-сауық кешені жасалуда. Бұл жерді балдырғандарға арналған жабық ойын-сауық бағы деуге болады. Балалар ойын алаңының әкімшісі Гүлбағиша Шамғинованың айтуынша, аталмыш ойын-сауық алаңы таңғы 8-ден, кешкі 8-ге дейін жұмыс істейді. Мұнда жүз балаға дейін ойнауға мүмкіндік қарастырылған.

БАЛҚАШ

Суреттер автордан

Болашақ үшін маңызды



Қазақстанда АЭС салудың мүмкіндіктері туралы республикалық халықтық штаб мүшелері түсіндіру жұмыстарын жүргізуді жалғастыруда. Елімізде атом электр станциясын салу мәселесі бойынша 6 қазан күні маңызды референдум өтеді. Осы маңызды оқиға қарсаңында Мәжіліс депутаты Арман Қалықов, Бауыржан Смағұлов, қоғам белсенділері және мемлекеттік ұйымдардың өкілдерімен бірге Приозерск қаласы денсаулық сақтау саласының қызметкерлерімен кездесу өткізді.



Кездесуде Мемлекет басшысының Жолдауындағы бірқатар бағыттар туралы және қауіпсіздік пен экология мәселесі талқыланып, әлемдік тәжірибелер жайлы пікірлер айтылды.

– Өздеріңіз білетіндей, Жолдау еліміздің дамуындағы жаңа бағыттарды белгіледі. Ол – тәртіп пен заңды күшейтуге, экономикалық өсуді қамтамасыз етуге және қоғамдық сананы дұрыс қалыптастыруға бағытталған маңызды бағдар. Сондай-ақ, энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін таза энергия көзі ретінде атом электр станциясын салудың маңыздылығына мән берілді, – деді Арман Қалықов. Сонымен қатар, Мәжіліс депутаты Бауыржан Смағұлов Қазақстанға энергетикалық тәуелсіздікті нығайтуға үлес қосатынын және бұл экологиялық таза энергия көздеріне мұқтажықтан болған ұсыныс екенін айтты. Ел болашағы үшін алда өтетін референдумға белсенді қатысатындарын жеткізді.

Өз тілшімізден

ПРИОЗЕРСК

• АЭС – ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР

Атом энергетикасы – дамудың тенденциясы

Бүгінгі таңда атом энергетикасы арқылы өндірілетін электр энергиясы әлемде 10%-ға жетті. Дүниежүзінің 32 елінде 440 реактор жұмыс жасауда. Барлығымызға белгілі атом энергиясы климаттың өзгеруіне қарсы күресте маңызды рөл атқара алады, өйткені, ол – көміртексіз электр энергиясын өндірудің тұрақты және сенімді көздерінің бірі.

Кейбір елдер атом энергетикасына инвестицияларды ұлғайтуды. Мысалы, Қытай, Ресей, Үндістан, Франция және Оңтүстік Корея сияқты елдерде жаңа атом электр станциялары (АЭС) салынып жатыр немесе салу жоспарланған. Бұл елдерде ядролық энергетикаға деген сұраныс жоғары болып отыр.

АЭС ерекшелігі неде?

Соңғы жылдары АЭС-тердің қауіпсіздігін арттыру мақсатында жаңа технологиялар енгізілуде. Үшінші және төртінші буын реакторлары қауіпсіздікті жақсартып, апаттар мүмкіндігін барынша азайтуға бағытталған.

Ядролық отынды қайта өңдеу технологиялары дамуға, бұл табиғи ресурстарды тиімді пайдалануға және радиоактивті қалдықтарды азайтуға мүмкіндік береді. Атом энергетикасы жел және күн энергиясы сияқты жаңартылатын энергия көздерімен біріктіріле бастады. Бұл энергия жүйелерінің тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін қажет.

Атом электр станциялары (АЭС) ұзақ мерзімді перспективада тиімді электр энергиясын өндіре алады. Жоғары бастапқы шығындарға қарамастан АЭС-тер ұзақ мерзімді жұмыста төмен операциялық шығындармен ерекшеленеді. Атом энергиясының бағасы тұрақты және ұзақ мерзімді келісімшарттар жасауға мүмкіндік береді, бұл экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етеді.

Атом энергетикасы парниктік газдардың шығарылуын азайтуға көмектеседі, өйткені оның жұмысында көміртегі диоксиді (CO2) шығарындылары жоқ. Бұл оны атом станциялары көміртекті емес, сондай-ақ, күкірт оксидтері немесе азот оксидтері сияқты ауаға зиянды ластаушы заттар шығармайды.

АЭС-тер үлкен көлемде электр энергиясын тұрақты өндіреді, бұл оларды базалық жүктемені қамтамасыз ету үшін сенімді көзге айналдырады. Атом энергиясы жел және күн энергиясы сияқты жаңартылатын энергия көздерімен интеграциялана алады, осылайша энергия жүйелерінің тұрақтылығын арттырады. Қазіргі заманғы АЭС-тер жетілдірілген қауіпсіздік жүйелерімен жабдықталған, ал, ядролық өнеркәсіптегі реттеуші қадағалау қауіпсіздік бағынады.

АЭС салу ұлкен инвестицияны талап етеді. Жоба құнының жоғары болуы ұзақ мерзімді экономикалық тиімділікке әсер етуі мүмкін. АЭС құрылысы мен пайдаланудағы кідірістер немесе бюджеттен асатын шығындар экономикалық тәуекелдерге алып келуі мүмкін. Атом энергиясын пайдалану радиоактивті қалдықтардың пайда болуына әкеледі. Бұл қалдықтарды ұзақ мерзімді және қауіпсіз сақтау мәселесі шешілмеген және экологиялық мәселелер туындайды. Чернобыль және Фукусима сияқты атомдық апаттар қоршаған ортаға ауыр зиян келтірді. Мұндай апаттар сирек болса да, олардың салдары ұзақ уақыт бойы сезіледі.

Атом энергиясына арналған уран қоры шектеулі және оның ұзақ мерзімді перспективада жетіспеушілігі туындауы мүмкін. АЭС-терді салу және іске қосу көп уақыт алады, бұл уақыт аралығында басқа баламалы энергия көздері дамып, атом энергиясының маңыздылығын төмендетуі мүмкін.

Қазақстанның энергетикалық жүйесінің қазіргі жағдайы

Қазақстан – Орталық Азиядағы ең ірі энергетикалық өндіруші елдердің бірі. Елде энергетикалық ресурстар, әсіресе, көмір, мұнай және табиғи газдың мол қоры бар. Сонымен қатар, Қазақстан – әлемдегі уран өндіруші ірі елдердің бірі, бұл оны атом энергетикасы саласында әлеуетті маңызды ойыншыға айналдырады.

Қазақстанның энергия өндірісінің шамамен 70%-ы көмірге негізделген электр станцияларынан алынады. Бұл елдің энергетикалық жүйесін көмірге тәуелді етеді. Қазақстанда гидроэнергетика маңызды рөл атқарады, бірақ, оның үлесі шамамен 10% ғана құрайды. Мұнай мен газ өндіру де маңызды, бірақ олардың көп бөлігі экспортқа жіберіледі. Соңғы жылдары жаңартылатын энергия көздерін дамытуға назар аударылуға, алайда, олардың жалпы үлесі әзірге аз. Қазақстанның энергия тұтынуы соңғы жылдары артып келеді. Өнеркәсіптік сектор – негізгі тұтынушы. Бірақ тұрмыстық және коммерциялық секторлар да айтарлықтай үлеске ие.

Энергиямен қамтамасыз етудегі проблемалар мен кемшіліктер

Қазақстанның энергетикалық жүйесінде аймақтық теңгерімсіздік бар. Батыс өңірлерде энергияның молдығы байқалса, елдің оңтүстік және шығыс бөліктерінде энергия тапшылығы сезіледі. Бұл энергияны бір өңірден екінші өңірге жеткізу үшін қосымша инфрақұрылымдық инвестицияларды талап етеді. Көптеген электр станциялары мен электр желілері ескірген және жаңғыртуға қажет етеді. Бұл жабдықтардың тозуы энергияның тиімділігін төмендетіп, апаттық жағдайлардың туындау қаупін арттырады. Энергия өндірісінде көмірдің басым болуы Қазақстанның көміртекті шығарындыларын азайту міндеттемелерін орындауға кедергі келтіруі мүмкін. Бұл экологиялық проблемаларды туындатып, халықаралық міндеттемелерді орындауды қиындатады. Кейбір өңірлерде электр энергиясы мен отынға импортқа тәуелділік байқалады. Бұл энергетикалық қауіпсіздікке әсер етіп, сыртқы факторларға тәуелділікті арттырады. Қосымша құттардың қажеттілігі Қазақстанның жаңартылатын энергия көздерін, әсіресе, жел және күн энергиясын дамытуға жағдайына маңызды. Бұл көміртекті шығарындыларды азайтуға және энергияның тұрақты көздерін құруға мүмкіндік береді.

Атом электр станцияларын салу туралы ойлануға болады, бұл елдің энергетикалық теңгерімін жақсартып, көмірге тәуелділікті азайтуға көмектеседі. Энергия тиімділігін арттыруға арналған жобаларға инвестиция салу жабдықтарды жаңғырту және заманауи технологияларды енгізу арқылы энергияны тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Электр беру желілерін жаңарту және кеңейту аймақтар арасындағы энергия ағынын теңестіруге және энергияның үнемді әрі сенімді жеткізілуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Технологиялық, әрі экономикалық, әлеуметтік аспектілер

Франция – әлемдегі жетекші атом энергетикалық державаларының бірі. Елде 56 атом реакторы жұмыс істейді және бұл елдің электр энергиясының шамамен 70%-ын қамтамасыз етеді. Францияда негізінен басым реакторлық технология ретінде жеңіл су реакторлары (PWR) қолданылады. Францияда атом отынын қайта өңдеу кеңінен қолданылады. Бұл елде ядролық қалдықтарды азайтуға және ядролық отынды тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Атом энергетикасының үлкен үлесі Францияға салыстырмалы түрде төмен және тұрақты электр тарифтерін ұстауға мүмкіндік



береді. Бұл халық пен өнеркәсіп үшін экономикалық тиімділікті арттырады. Франция үкіметі ядролық энергетиканы белсенді қолдайды, бұл атом энергиясы секторына тұрақты инвестициялар тартып, оның дамуына ықпал етеді. Францияда атом энергиясына деген қоғамдық қолдау жоғары деңгейде. Бұл елдің ұзақ тарихы мен табысты жұмыс істеп тұрған ядролық энергетикалық инфрақұрылымының арқасында мүмкін болды. Француз азаматтары ядролық қауіпсіздікке сенеді, өйткені, елде атом энергетикасының қауіпсіздік стандарттары өте жоғары деңгейде сақталады.

Жапония атом энергетикасында озық технологияларды қолданады. Елде 30-ға жуық реактор бар, бірақ, 2011 жылғы Фукусима апатынан кейін олардың көпшілігі тоқтатылды немесе қайта қаралды. Жапония соңғы жылдары қауіпсіздік жүйелерін жаңғыртуға және жетілдіруге баса назар аударады. Жапонияда жер сілкіністері мен цунами қаупі бар, сондықтан атом электр станцияларын табиғи апаттардан қорғауға арналған қосымша шаралар енгізілген. Фукусима апатынан кейін көптеген реакторларды қайта іске қосу үлкен қаржылық шығындарды талап етті. Бұл елдің ядролық бағдарламасына теріс әсер етті, сонымен қатар, қауіпсіздік шараларын күшейтуге ынталандырды. Атом энергетикасының үлесін қысқарту Жапонияның энергия тапшылығына және импорттық энергия көздеріне тәуелділіктің артуына әкелді. Фукусима апатынан кейін Жапонияда атом энергиясына деген қоғамдық сенім айтарлықтай төмендеді. Бұл елде атом энергиясын пайдалануға қатысты пікірталастардың күшеюіне себеп болды.

Жапонияда қауіпсіздікке қатысты қоғамның алаңдаушылығы жоғары, сондықтан, Үкімет атом энергетикасын дамытуға мұқият бақылап отырады. АҚШ атом энергетикасында әртүрлі реактор түрлерін қолданады. Елде 90-ға жуық реактор жұмыс істейді және бұл елдің электр энергиясының шамамен 20%-ын қамтамасыз етеді. АҚШ-та шағын модульдік реакторлар (SMR) сияқты жаңа технологиялар әзірленуде. АҚШ-та атом энергетикасының қауіпсіздігіне үлкен мән беріледі. Апаттық жағдайларды болдырмау үшін жетілдірілген қауіпсіздік жүйелері енгізілген. АҚШ-та атом энергиясының экономикалық тиімділігі әртүрлі факторларға көздерінің өзгеріп отырады. Соңғы жылдары кейбір атом электр станциялары экономикалық тиімсіздігіне байланысты жабылуға, бұл ретте жаңартылатын энергия көздерінің бәсекеге қабілеттілігі артып келеді.

АҚШ Үкіметі атом энергетикасына, әсіресе, жаңа реакторлық технологияларды дамытуға инвестицияларды ынталандыруға бағытталған саясат жүргізуде. АҚШ-та атом энергиясына қатысты қоғамдық пікір екіге бөлінген. Кейбір аймақтарда атом энергиясы қолдау тапса, басқа аймақтарда оның қауіптілігіне алаңдаушылық білдіріледі. Қоғам экологиялық талаптарға ерекше көңіл бөледі, бұл ретте ядролық қалдықтардың қауіпсіздігі мен қоршаған ортаға әсері басты назарда.

Ресей атом энергетикасында

үлкен тәжірибеге ие және озық технологияларды қолданады. Елде 35-тен астам реактор жұмыс істейді және Ресей өз реакторларын экспорттау арқылы халықаралық нарықта да белсенді. Ресейде жаңа атом электр станциялары салынуға, соның ішінде жерасты реакторлары және жылдам нейтрондық реакторлар сияқты инновациялық жобалар бар. Ресей өз технологияларын экспорттау арқылы атом энергетикасынан айтарлықтай табыс табады. Бұл экономикалық әртараптануға және елдің халықаралық беделін арттыруға көмектеседі. Ішкі нарықта атом энергиясының салыстырмалы түрде төмен шығындары бар, бұл Ресейдің энергетикалық қабілетін арттыруға көмектеседі. Ресейде атом энергиясына қатысты қоғамдық қолдау жоғары, өйткені ол ұлттық мақтаныштың бір бөлігі болып табылады. Сонымен қатар, халық арасында ядролық қауіпсіздікке деген сенім де бар. Чернобыль апатының сабақтары Ресейде қауіпсіздік шараларын күшейтуге әкелді, бұл елдің қазіргі атом энергетикасының дамуына әсер етті.

Энергетикалық қажеттілік

Қазақстанның энергетикалық жүйесі негізінен көмірге тәуелді, бұл елдің экологиялық міндеттемелерін орындауға қиындатып тұрғандықтан. АЭС көміртекті шығарындыларды азайтуға көмектесетін балама көзі болуы мүмкін.

Қазақстан әлемдегі ең ірі уран өндіруші елдердің бірі болып табылады, бұл атом энергетикасын дамыту үшін табиғи артықшылық береді. Жергілікті уранды пайдалану арқылы энергетикалық қауіпсіздікті арттыруға болады.

Атом электр станцияларының бастапқы салу шығындары жоғары болғанымен, олар ұзақ мерзімді перспективада тиімді электр энергиясын өндіре алады. АЭС-тер, әсіресе көмірге негізделген станциялармен салыстырғанда, тұрақты және төмен операциялық шығындармен ерекшеленеді. Қазақстанда өндірілген артық энергияны көрші елдерге экспорттау мүмкіндігі бар, бұл қосымша табыс көзін қамтамасыз етуі мүмкін. АЭС құрылысы және кейінгі пайдалану кезеңінде жаңа жұмыс орындарын құруға мүмкіндік береді. Бұл жергілікті экономикаға оң әсер етуі мүмкін.

АЭС-тің негізгі экологиялық проблемасы – радиоактивті қалдықтарды қауіпсіз сақтау және өңдеу мәселесі. Қазақстанда мұндай қалдықтарды сақтау және жою үшін инфрақұрылым және қауіпсіздік шараларын дамыту қажет. АЭС электр энергиясын өндіру кезінде парниктік газдардың шығарылуын едәуір азайтады. Бұл – Қазақстанның климаттық міндеттемелерін орындауға көмектеседі.

АЭС салуды қолдайтын дәлелдер

АЭС-ті салу Қазақстанның энергетикалық тәуелсіздігін нығайтады және электр энергиясын тұрақты өндіруге мүмкіндік береді. Атом энергетикасы көміртекті шығарындыларды азайтуға көмектеседі, бұл Қазақстанның халықаралық климаттық міндеттемелерін орындауға септігін ти-

гізеді. Жергілікті уран қорын пайдалану арқылы атом энергиясын өндіру ұлттық ресурстарды тиімді пайдалануға және экономиканың қосымша табысын арттыруға мүмкіндік береді.

Қазақстанда атом электр станциясын (АЭС) салу жобасын табысты жүзеге асыру үшін келесі ұсыныстарды ескеру маңызды. Бұл ұсыныстар жобаның әрбір кезеңін қамтиды: технологияларды таңдау, тәуекелдерді басқару, қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету және халықпен өзара іс-қимыл.

Әртүрлі реакторлық технологияларды, соның ішінде, су-су энергетикалық реакторларын (PWR), жылдам нейтрондық реакторларды (FNR) және шағын модульді реакторларды (SMR) мұқият зерттеп, олардың сенімділігі, қауіпсіздігі, тиімділігі және Қазақстанның жағдайына бейімділігін талдау қажет.

Қазақстанның климаттық және сейсмикалық ерекшеліктеріне сәйкес келетін технологияларды таңдау маңызды. Мысалы, жоғары сейсмикалық аймақтарда сейсмикалық қауіптерге төзімді реакторларды қолдану қажет. Халықаралық тәжірибесі бар, атом энергетикасы саласында танылған компаниялармен серіктестік орнату маңызды. Бұл Қазақстан үшін технологияларды игеру және жергілікті кадрларды даярлауға мүмкіндік береді.

АЭС құрылысы мен жұмысын қолдау үшін қажетті инфрақұрылымды қамтамасыз ету маңызды. Бұл материалдарды жеткізу және радиоактивті қалдықтарды қауіпсіз тасымалдау сияқты логистикалық мәселелерді де қамтиды.

Жобаға байланысты технологиялық, экологиялық, экономикалық және әлеуметтік тәуекелдерді анықтап, толық талдау жүргізу қажет. Апаттар немесе жобаға қатысты кідірістер туындаған жағдайда қаржылық шығындарды өтеу үшін резервтік қорлар құру қажет. Негізгі тәуекелдерді, соның ішінде ядролық апаттарды және жабдықтың бұзылуын халықаралық сақтандыру компанияларымен сақтандыруды қамтамасыз ету маңызды.

Жобада Халықаралық атом энергиясы агенттігінің (МАГАТЭ) және дамыған атом энергетикасы бар елдердің үздік тәжірибелеріне сәйкес қауіпсіздік стандарттарын қолдану керек.

Жалпы, Қазақстанда АЭС салу елдің энергетикалық тәуелсіздігін арттырып, уран қорын тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Бұл жоба ұзақ мерзімді экономикалық пайда әкеліп, экологиялық жағынан таза энергия көзі бола алады. Сонымен қатар, АЭС тұрақты энергиямен қамтамасыз етіп, жаңартылатын көздерге қосымша ретінде қызмет етеді. Технологиялық даму мен халықаралық ынтымақтастықты күшейту де маңызды артықшылықтар қатарында. Алайда, қауіпсіздік пен қалдықтарды басқаруға ерекше назар аудару қажет.

Саттар БЕКБАЕВ,
физика-математика
ғылымдарының кандидаты,
аға оқытушы
Шерзод КУРБАНБЕКОВ,
PhD қауымдастырылған
профессоры

Энергия

Тапшылығы күшейіп барады

Қазақстанда электр желілері 70%-ға тозған. Ал, Батыс Қазақстанда тіпті, электр қуаты жеткіліксіз. Оңтүстік Қазақстанда да дәл осындай мәселе бар. Республика бойынша электр энергиясын тұтынушылардың саны әрі мөлшері де жыл сайын артып келеді. Сондықтан, осы мәселеден шығудың бірден-бір жолы – атом электр станциясының құрылысы.

Станция жайлы ақпарат – жетерлік. Барлық жерде түсіндірме жұмыстары жүргізілуде. Тіпті, салынатын станцияның да моделін таныстырды. Қауіпсіз әрі сенімді. Экологиялық тұрғыдан да таза. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев:

– Жаһандық энергия тапшылығының өсуін ескере отырып, біз сенімді және экологиялық таза энергия көздеріне аса мұқтажбыз. Сондықтан, менің ойымша, атом энергетикасының дамуына барынша назар аудару қажет. Генерацияның бұл түрі біздің экономикамыздың қарқынды дамып келе жатқан қажеттіліктерін едәуір қанағаттандыра алады. Қазіргі уақытта дамыған және дамушы 30 мемлекетте 200-ге жуық АЭС жұмыс істейді. Біз еліміздің ұзақ мерзімді ұлттық мүдделері мен ерекшеліктерін ескере отырып, болашақ туралы ойлауымыз керек, – делі.

Жалпыхалықтық референдум – халықтың атом энергетикасы туралы шешім қабылдаудағы маңызды демократиялық құралы.

Жанат МУСІНА,
Қарағанды технология және сервис колледжінің әдіскері

Ел дамуына үлес қосайық!

Референдумның басталуына санаулы күндер қалды. Яғни, ел үшін маңызды әрі тарихи оқиға. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атом электр станциясының мәселесін өз Жолдауында айтып, саралап-талдап берген болатын. Әрі таңдауды халықтың еркіне берді. Ал, біз бен сіз болып, осы референдумға қатысып, ел болашағы үшін үлес қосымыз қажет.

Көпшіліктің көкейінде «Бізге қандай маңызды бар?» деген сұрақтың бары айдан анық. Өзім де осы мәселеге зер салып, зерделеп шықтым. Жалпы, АЭС – энергетикалық тәуелсіздік. Яғни, АЭС елдің энергия импорттына тәуелділігін айтарлықтай төмендетіп, электр энергиясының тұрақты және үзіліссіз жеткізілуін қамтамасыз етеді. Әрі экологиялық тұрғыдан да таза-лық сақталады. Ауаға бөлініп жатқан улы газ бен зиянды қалдықтар азаяды. Ал, экономика тұрғысынан айтар болсақ, станция салынған жағдайда сабақтас салалардың дамуына орасан ықпал етеді. Дәйексіз, жұмыс орындары да ашылады. Отын мен басқа да ресурстарға салыстырмалы түрде қарағанда әлдеқайда шығыны төмен. Сапасы – жоғары. Қазіргі уақытта елде энергия көздері тозған. Одан қала берді тапшылық та бар. Мемлекет басшысы елді тығырықтан шығару үшін осындай шешімге тоқтады. Ал, қолдану – біздің тараптан.

Біз жергілікті билік өкілдері ретінде алға қойылған міндеттерді жүзеге асыру жолында белсенді жұмыс жасап жатырмыз. Ел дамуына үлес қосайық!

Қанат САҚҚҰЛАҚОВ,
Осакаров аудандық мәслихатының төрағасы



Бала тәрбиесі бейқамдықты кешірмейді

(Соңы. Басы 1-бетте).

– Бұл интернеттің дамуымен байланысты, – дейді полиция подполковнигі Кирилл Корниенко. – Есірткі бизнесі өрмекшінің торындай интернетте өршіп тұр. Есірткіге де қазір қол жеткізу жеңіл. Бұл тікелей емес байланыс түрі деп аталады. Бұрын нашакорлар нақты бір жерге жиналып, тікелей байланыс арқылы сатып алатын. Ондай жерлерді жабу оңай еді. Қазір қиындау. Дегенмен, сайттар бұғатталып жатыр. Есірткі саудасының сілтемелер мен интернет дүкендердің 150-ден астам сайты бұғатталды.

Бұл – әлеуметтік мәселе. Оны шешу үшін Мемлекет басшысы айтқандай, қоғам болып айналысу керек. Есірткі мәселесі тұтас қоғамға қатысты, ортақ проблема.

Кім баласының есірткіге әуес болып, өмірін өкіткенін қалайды дейсіз?! Ешкім. Алайда, мәселені ортақ дегенімізбен, көп жағдайда қоғам тарапынан бейқамдық бар. «Біреудің баласы, біреудің отбасы» деген. Ал, басына түскенде көп ата-ана өзінен емес, кінәні өзгеден іздейді, жауапкершілікті басқаға аудара салуға бейім тұрады. Кирилл Корниенко ата-аналармен де түсіндіру жұмыстары жүргізілетінін айтады. Бірінші кезекте баланың жүріс-тұрысына,



Сурет: ашық дереккөзінен

мінезіне мән беретін – ата-анасы.

– Жеткіншектердің ұсталуына қоғам бізді кінәлайды, бұған кінәлі біз емес, – дейді ол. – Біз – бұл жерде соңғы инстанциямыз. Менің жеке ойымша, барлығы отбасынан шығады. Ненің жақсы, ненің жаман екені отбасында айтылуы тиіс. Қазір жастар бәрін түсінеді, бірақ, оның дұрыс емес екенін біле тұра, сол іске барады. Біз ұсталған жастардан сұрағанымызда олардың 95%-ы қылмыстық жауапкершілік туралы білгенін айтады. Сонда қылмысқа бару себебі бәрінде бірдей – ақша.

Айфон, тағы басқа нәрселер алуға ақша жинау, «Өзімнің жеке ақшамның болуын қаладым» дейді.

Есірткі жасырумен айналысатын жеткіншектер есірткі қылмысының жекелеген түрлері бойынша ересектермен бірдей қылмыстық жауапкершілікке тартылатынын біле тұра, осы әрекетке барады екен. «Ұсталмаймын» десе керек. Алайда, жоғарыдай айтқанымыздай, былтыр – сегіз, биыл алты көмелеттік жасқа толмаған жеткіншек ұсталды. Министрлік үндеуінің мәні осында. Әуелі ата-ана баласының күдік

тудыратын әрекеттеріне, күмәнді ортасына назар аударғаны дұрыс. Оның ішінде, жасөспірімнің заттарындағы кез келген дәрі-дәрмек қаптамаларына, фольгаға, шыны түтіктерге мән берген абзал. Мұның бәрі синтетикалық есірткіні қолдануға арналған құрал бола алады. Жеткіншектің көңіл күйі жиі өзгеріп, ашуланшақтық, апатия белгілері байқалса, бұл есірткі қолданудың жанама белгілері болуы мүмкін. Оның есірткі таратумен айналысатынының тағы бір белгісі – көп ақша, қымбат заттарды сатып алуы. Егер баланың телефонында, мессенджерлерде геолокациялары бар белгілер, есірткі жасырылған жерлердің фотосуреттері, үй қабырғаларында, стендтеріндегі басқа да жазбалар болса, бұл да күдік туғызуы керек деп ескертеді мамандар. Есірткі қылмыстары үшін қылмыстық жауапкершілік 16 жастан, ал, қылмыстардың жеке-кеңеіне қарамастан 14 жастан басталатынын ұмытпаған жөн.

Президент: «Біз заң мен тәртіп, білім мен парасат үстемдік ететін қоғам құруымыз керек. Азаматтары, әсіресе, жастары мәдениетті, жаңашыл әрі жасампаз ұлттық ұпайы түгел. Сондықтан, біз өркениетті ел болуға кедергі жасайтын жағымсыз әдеттерден арылуымыз керек», – деді Жолдауында. Бұған әркімнің үлесі қажет.

• РЕСМИ

Жалпыға бірдей декларациялаудың үшінші кезеңі аяқталды

250.00 және 270.00 нысандары бойынша салық декларацияларын ұсыну мерзімі аяқталды.



Сурет: ашық дереккөзінен

Осы жылы Активтер мен міндеттемелер туралы декларацияларды (250.00-нысан) заңды тұлғалардың басшылары, құрылтайшылары (қатысушылары), жеке кәсіпкерлер және олардың жұбайлары ұсынуға тиіс болды. Қарағанды облысында бұл 3-кезеңдегі 117 771 декларант, оның ішінде 98 253 жеке тұлға декларация тапсырды, бұл декларанттардың жалпы санының 83, 4 пайызын құрайды. 392 жеке тұлғаның міндеттемелері жок. 19 126 жеке тұлға декларация тапсырған жок.

Жалпыға бірдей декларациялаудың бірінші және екінші кезеңдеріне қатысатын 160 165 жеке тұлғаның 143 448-і немесе 89,6%-ы кірістері мен мүлкі туралы декларацияны (270.00-нысан) ұсынды. 251 жеке тұлғаның міндеттемелері жок. 16 466 жеке тұлға декларация тапсырған жок.

Қарағанды облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаменті декларация тапсырмаған немесе статистикалық есептілікке кірмеген тұлғаларға түгендеу жүргізілетінін және бұзушылықтың әрбір жағдайы жеке қаралатынын хабарлады.

Егер салық есептілігі мерзімінде ұсынылмаса, салық органдары бұзушылық анықталған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде пошта арқылы тапсырыс хатпен немесе электрондық тасымал салық төлеушінің кабинетіне салық есептілігін ұсынуға туралы хабарлама жібереді.

Декларацияны тапсыру мерзімін өткізіп алған жағдайда, алғаш рет бұзған салық төлеу-

шілер ӘҚБтК-нің 272-бабының 1-тармағына сәйкес ескерту алады.

Қайта бұзылған жағдайда жыл ішінде 15 АЕК мөлшерінде айыппұл салынады, бұл 2024 жылға 55 380 теңгені құрайды.

Естеріңізге сала кетейік, Қазақстанда жалпыға бірдей декларациялаудың мақсаты – сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, салық базасын кеңейту және бюджет түсімдерін ұлғайту болып табылады.

Бірінші кезең 2021 жылғы 1-қантардан басталды: декларацияларды мемлекеттік құрылымдарда жауапты қызмет атқаратын адамдар мен олардың жұбайлары тапсыра бастады.

Екінші кезеңде 2023 жылғы 1-қантардан бастап – бюджет, мемлекеттік қызметшілер және квазимемлекеттік сектор қызметкерлері жұбайларымен бірге тапсырды.

Жалпыға бірдей декларациялаудың үшінші кезеңі 2024 жылғы 1 қаңтарда басталды. Билығы жылы 250 нысан бойынша декларацияны заңды тұлғалардың басшылары, құрылтайшылары (қатысушылары), дара кәсіпкерлер және олардың жұбайлары тапсырды. Талап сонымен қатар, әрекетсіз салық төлеушілерге және қызметін тоқтатқан салық төлеушілерге де қолданылады. Соңғы кезеңде, яғни, келесі жылдан декларацияны барлық қазақстандықтар тапсырады.

Қарағанды облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаменті

Онлайн курстар алаңы

Skills Enbek көпфункционалды платформасы түрлі бағыттар бойынша 600-ден астам курстарды ұсынады. Олардың қатарында сумен жабдықтау және су тарту желілері мен құрылыстарын пайдалану, апаттық жөндеу слесарі, жабдықтауға, құбырлар мен жылу желілерінің арматурасына техникалық қызмет көрсету және жөндеу сынды тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және абаттандыру саласындағы тегін курстар бар. Сондай-ақ, «Өндіріс» саласы бойынша дәнекерлеу өндірісінің негіздері, токарлық өңдеу негіздері секілді курстар бар. Бұл туралы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің баспасөз қызметі мәлімдеді.

Skills Enbek біліктілікті арттыру алаңы ретінде әзірленген. Мұнда кәсіби дағдыларды онлайн форматта алуға және дамытуға болады.

Skills Enbek – нарықтағы бар курстарды оңай және ыңғайлы іздеу үшін жетекші ұлттық және халықаралық білім беру платформаларымен интеграцияның арқасында сұранысқа ие дағдылар бойынша онлайн курстардың бірыңғай витринасы.

Бүгінге дейін Skills Enbek бойынша 459 мыңнан астам пайдаланушы оқытылғанын айту керек. Оның 378 мың адамы курстарды сәтті аяқтаған. Алынған сертификаттар Электрондық еңбек биржасы порталындағы түйіндемеге



Сурет: ашық дереккөзінен



біріктірілген, бұл үміткерлердің бәсекеге қабілеттілігін айтарлықтай арттыратынын айта кеткен жөн.

Сайт интерфейсі қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде ұсынылған, сондай-ақ, курстарды кеңейтілген іздеуді, сабақтардың нақты құрылымын, оқу процесін басқару мүмкіндігін және курс авторларымен жылдам әрекеттесуді ұсынады.

Платформада жұмыс істеуге арналған әдістемелік ұсыныстар, сабақтарды құрастыру конструкторы, курстарды жасау, статистиканы және тиімділікті қарау интерфейсі бар.

Сайттың техникалық мүмкіндіктері қызметкерлерді тестілеуге және сертификаттауға мүмкіндік береді. Мысалы, прокторинг уақыт пен компания ресурстарын үнемдей отырып, қызметкерлердің кәсіби қызыреттілігін объективті бағалай алады.

Өз тілшімізден

Мектеп мәзірінің мәселесі не?

(Соңы. Басы 1-бетте).

Ал, мектеп асханасының жұмысын, күнделікті тағам мәзірі мен оның сапасын ведомствоаралық сараптама тобы қадағалайды. Қарағанды қаласы білім бөлімінің бас маманы Ақыл Есенбекованың айтуынша, мұндай комиссияның облыс деңгейіндегі тобына 17 адам, қала бойынша сараптама тобы құрамына 13 адам кіреді. Олар – үкіметтік емес және қоғамдық ұйымдардың өкілдері, мәслихат депутаттары, мемлекеттік қызметкерлер мен ата-аналар.

Комиссия айына екі рет мектептің тамақтандыру бөлімшесіне кесте бойынша мониторинг жүргізеді, сонымен қатар, осы екі тексеруден кейін отырыс өткізеді. Мұндай тексерулердің барлық материалдары департаменттер мен білім беру ұйымдарының сайтында жарияланады. Аталған тексерістердің алдын ала ескертусіз жүргізілетінін айта кету керек. Ведомствоаралық сараптама тобы тамақтандыру орнының санитарлық жағдайын, жабдықтардың жұмыс істеп немесе істемейтінін тексереді, тағамдардың тәуелсіз сынамаларын алады. Тағамнан улауны орын алған жағдайда сынама зертханаға жіберіледі. Сондықтан, әр әзірленген тағамнан сынама алынып, оны 48 сағат сақтау қажет, – дейді Ақыл Есенбекова.

Оның айтуынша, мектептерде, әдетте, бір ыстық тамақ беріледі. Яғни, бірінші ауысымда таңғы ас, екіншісінде түскі ас қана беріледі.

– Дегенмен, білім алушылар арасында әлеуметтік жағынан осал отбасынан шыққан балалар да бар

екенін ескеріп, ас мәзірі бірінші немесе екінші ыстық тағамдарды кезектестіріп жасалады. Мысалы, дүйсенбі күні балалар ботқа жесе, келесі күні сорпа ішеді. Мектеп мәзіріне кірмейтін де тағамдар бар. Ашық тағамдарға, дәмдеуіштері бар тағамдарға, майонез немесе кетчуп қосылған салаттарға тыйым салынған. Сонымен қатар, құрамында бояғыштары мен қоспалары бар сусындар – газдалған сусындар, мұздатылған шай, түрлі жеміс-жидек дәмі бар минералды сулар да қолданылмайды.

Ата-аналардың тамақтандыруға қатысты бірқатар наразылығын да ведомствоаралық сараптама тобының мүшелері қарастырады. Мәселен, балаларға суып кеткен немесе дәмсіз тағамды беру жағдайлары кездесіп жатады екен. Бірақ, бұл мәселелер шешімін табуға болатын жайттар екенін алға тарттады мамандар.

Бұл ретте әр мәселе жеке қаралады. Балалардың нәліктен тамақтанатын үлгермейтіндігі шағым түскен мектептерде тексерілген. Мамандар тарапынан мектеп әкімшіліктеріне ұсыныстар жасалды.

Бөлшек сауда және қоғамдық тамақтандыру қауымдастығының вице-президенті Марина Лаптеваның айтуынша, мектептердегі сыйымдылық мәселесі шешілген кезде ғана бұл шешімін табады.

– Балалар мектеп асхана қызметкерлерінің уақытының тығыз болғандығынан емес, бала санының көп болғандығынан тамақтанатын үлгермейді. Мектептер жетіспейді. Үзілістерді 20 минут жасасақ, ата-

аналар балаларының үйге кеш қайтатынына наразы болады. Барлық мектептер бір ауысымда болса, бәрі қалпына келеді, – дейді ол.

Оның айтуынша, мектеп асханасына қатысты шешілуі тиіс басқа да өзекті мәселе бар. Қарағанды облысында оқушыларды тамақтандыру үшін төленетін соманың көлемі ел



бойынша ең азы.

– Қосымша құн салығынсыз бір балаға – 464 теңге бөлінеді. Мұндай сомаға тиісті сапаны қамтамасыз ету мүмкін емес. Қызмет көрсетуші кәсіпкерлер бұл мәселемен білім беру органдарына бірнеше рет жүгініп, өткен жылы ғана өсті. Бірақ біз білім басқармасымен тығыз жұмыс істеп жатырмыз және ортақ пікірге келеміз деп сенемін. Себебі, басқа аймақтарда бұл мәселе біртіндеп шешіліп жатыр. Бұл, сонымен қатар, аспазшылардың жұмыстан кету

жағдайларын азайтады. Әлеуметтік желілердегі теріс жарияланымдардың салдарынан мектептердегі аспаз мамандығының беделі түсіп кетті. Біз білім басқармасымен бірлесіп, оқушылардың аспазшылар жұмысын көруге мүмкіндік беретін жоба ұйымдастырдық. Балалар мұның қандай еңбек екенін біліп, түсінуі

тиіс, – дейді Марина Лаптева.

– Қазіргі уақытта бір оқушының тамақтануына ҚҚС-пен 520 теңге бөкітілген, – деп атап өтті білім бөлімі маманы. – ҚҚС-сыз 464 теңге. Азықтүлікке облыстық бюджеттен барлығы 5,8 миллиард теңге бөлінді. Бұл өткен жылдармен салыстырғанда көп. Бұл ретте айтар негізгі мәселе, мектеп асханаларын жалға алушылар көрсетілген осы соманы талқыланып жатыр, қаңтардан бастап тариф көтерілуі мүмкін. Се-



беді, инфляция мен тауарлар бағасы қымбаттап жатқанын бәріміз білеміз.

Табысты жұмыс істеу үшін бұл сома 670-690 теңгеге жетуі керек.

Ведомствоаралық сараптама тобының мүшесі Айна Сүлейменова мектептерде берілетін тағам сапасына, дәміне ерекше назар аударатынын айтты. Оның оқушы төрт баласы бар, сондықтан, балаларының күнделікті дұрыс тамақтануы ол үшін маңызды екенін айтып отыр.

– Ведомствоаралық сараптама тобына мектепте ұйымдастырылған Ашық есік күнінен кейін мүше болдым. Біздің топ №102, 104 мектеп-гимназиялары мен №66 орта мектепті тексерді, балабақшаға да барамыз, – дейді ол.

Әдетте тамақтандыруға қатысты шағымдарды ата-аналар чаттарынан біліп отырады. Сосын білім бөлімі мамандарымен бірге тексерістерге шығады.

– Тексеріс барысында тамақтың порциясын, салмағын, ыстық немесе суық күйіне қараймыз. Суып қалған түскі ас тексеріс кезінде

кездестірген жоқпыз. Оқушыларға дастарханды қай уақытта жайғанына байланысты. Себебі, балалардың уақытылы келуі де өте маңызды. Балалар 5-10 минут кешікпе, тамақ суып қалуы мүмкін. Бұл жерде адам фактордың әсері бар. Сондай-ақ, балалардың барлығы бірдей, ботқа, балық пен борщты жей бермеуі мүмкін. Ондай жағдайда тамағын алып келуге болады, – деп атап өтті ол.

Бүгінгі таңда білім басқармасы ұсынған дерек бойынша облыс көлемінде жалпы білім беретін мемлекеттік 393 орта мектеп бар. Оның ішінде, 360 мектепте ыстық тамақ ұйымдастырылған. Ал, 33 шағын жинақты мектепте тамақтану бұфет және кейтеринг арқылы жүзеге асырылады. Жалпы, 73 913 мектеп оқушысы тегін тамақпен қамтылғанын атап өту керек. Оның 68 119-ы 1-4 сынып оқушылары, 5 794-і әлеуметтік осал отбасылардан шыққан 5-11 сынып оқушылары.

Суреттерді түсірген Жангелді ӘБДИГАЛЫМ

• АҚТАҢДАК

Алты алашқа әйгілі азамат еді...

(Әлімхан Ермеков туралы естелік)

Медицина ғылымдарының докторы, академик, Қазақстанның еңбек сіңірген дәрігері Бахия Аташбаров Көкшетаудағы Щучье демалыс үйінде, Алаш арысы, мемлекет және қоғам қайраткері, математика ғылымынан қазақтан шыққан тұңғыш профессор Әлімхан Ермековпен кездесіп, әңгімелесті. Кездесуде ел ертегі мен халқымыздың аяулы перзенттері жайында келелі әңгіме өрбіген. Бұл туралы естелік алғаш рет «Ақиқат» журналының 1992 жылғы 10 қазандағы санында жарияланады. Сол тарихи кездесуге куә болған Бахия Аташбаровтың ұлы Айдар Аташбаров осы естелікті толықтырып, 32 жылдан соң редакциямызға жолдап отыр. Ендеше, қабыл алыңыздар, ардақты оқырман!

РЕДАКЦИЯДАН

Қазақ халқының ардақты азаматтарының бірі Әлімхан Ермековпен кездесіп әңгіме-дүкен құрғанға 30 жылға тарта уақыт болып қалған екен. Ол 1963 жылы шілде айы болатын еді. Көкшетаудағы Щучье демалыс үйінде демалыста жатқан болатынмын. Әлекең мені өзі іздеп келіп жолықты.

Онымен амандасқаннан кейін өзінің кім екенін айтып таныстырды, сонсоң менің аты-жөнімді, туған жерімді сұрады. Оның аса көңіл қойып білгісі келгені менің әкемнің аты, аталығы және руы болды. Бұл жайды өзімше түсіндіріп:

— Әкем Аташбар Онбайұлы, бұрынғы Қарқаралы ауданынан, руы Қаракесек, Әйтімбет — Құттыбай деген аталықтан, оның ішінде Құттыбай, — дедім. Атамыз Онбай кедей шаруа болған екен, Жамаантай төре (Бөкей ханның ұрпағы, Қарқаралы дуанының аға сұлтан) Абралы-Кент аймағынан көшіп Қарқаралының оңтүстік жағындағы кіші Қарақуыс деген жерге қоныстанғаннан кейін, сол төренің бір туысының жылқышысы болған көрінеді. Ал кейін мен ес білгенде, әке-шешем сол Жамаантай төренің бір жақын туысының ұрпағы Садықан деген кісінің малын бақты.

— Меніңше, олай емес еді ғой, — деп ақырын күбірледі Әлекең. — Мен білетін Аташбар кішігірім ауқатты адам еді, айтқаның, тіпті, үйлеспейді, — деді. Кейін білдім Әлекеңнің білгісі келгені басқа Аташбар екен, мені іздеп келгені танымсыз болса да Аташбар деген кісі өмір сүріпті. Ол Аташбар атакты ақын Қасым Аманжолтоқтың әкесінің емшектес туысы екен. Ал Әлекең сол Аташбармен бір аталас болса керек, кейінгі білуімше 3-4 атадан қосылатын көрінеді.

Осындай жағдайда танысқаннан кейін Әлекеңмен санаторийде жиі кездесетін болдық. Ол кісі мен халықтың әл-ауқатын, қазіргі тұрмыс жағдайын білгісі келіп, мені әңгімесе тартып жүрді. Мен сол уақыттың алдында бірнеше жыл Семей полигонының зияндығын тексеру себебімен Семей, Қарағанды, Павлодар, Жезқазған облыстарының аудандарында болып, халықтың денсаулығын тексеру барысында елдегі жағдайды біршама жақсы білетін едім. (Қазақ ССР Ғылым академиясының Өлкелік патология институтының директоры болып істейтінмін). Ал, мен өз тарапымнан Әлекеңнен бұрынғы өткен-кеткенді білуге келіп, ол кісіге әртүрлі сұраулар қойдым. Әлекең өзінің әңгімелерінде өз өмірінің кейбір кезеңдеріне тоқталып жүрді. Әлекеңнен сондағы естігендерімнің көбі қазіргі газет-журналдарда жазылып жүр, ал, кейбір мен естіген мәселелер Әлекеңнің айтылып жүрген өмірбаянының жекелеген тұстарын назардан тыс қалдырып жүргендей. Мен осыларға тоқталым келеді.

БІРІНШІ: Алматы бір кезде кішкене қалашық еді ғой. Сол Алматы қазірде дүние жүзіне әйгілі бір миллионнан асқан халқы бар егеменді Қазақстан Республикасы мемлекетінің астанасы болып қалыптасты. Алматының аса әйгілі болуының бір себебі мұнда халықаралық маңызы бар мәжілістер, келісімдер жиі-жиі өтіп жататын болды. Алматы үлкен мәдениет-ғылым орталығы ғана емес, күшті өндіріс мекемелерінің шоғырланған орталығы да. Әрине, Алматы бір күнде осы жағдайға жеткен жоқ. Оның өзіндік тарихы бар. Әлекең өзінің бір әңгімесінде 1925-1926 жылдары Қазақстан

мемлекеттік жоспарлау комитеті төрағасының орынбасары болып істеген кезінде Алматы Қазақстанның астанасы болуы керек деп мәселе қойып, осы туралы республика атынан арнайы баяндама жасағанын айтты. Бұл баяндамада ол бірнеше дәлелдер келтіріп, Алматының астана болуын территориялық және шаруашылық тұрғыдан негіздеген көрінеді.

Сонымен қазіргі Алматының үлкен қала болуына, мемлекеттік астана деңгейіне көтерілуіне Әлекеңнің де үлесі бар екен. Ал, енді өкінішті нәрсе, Әлекеңнің өмірбаянын жазғандардың қаламының ұшынан осы мәселенің тыс қалып жүргені. Алматы туралы энциклопедия-кітап баспадан шықты ғой, бірақ сол үлкен анықтамада Әлекең туралы бір ауыз сөз айтылмайды. Мұны тарихи әділетсіздік деуге тиістіміз. Орын алып келген қателікті түзету керектігіне айқыны. Әлекең Қазақстан астанасының негізін салушылардың қатарында өзінің лайықты орнын алуы керек.

ЕКІНШІ: Әлекеңнің Ахмет Байтұрсынов туралы өз ой-пікірін тұжырымды айтқаны да әлі есімде. Қарағандыдағы және Қарағандыға келген үкімет бастықтарына, соның ішінде Д.А.Қонаевқа: «Ахмет Байтұрсыновты неге ақтаймысындар, оның халыққа, Совет үкіметіне, коммунистерге ешқандай зияны жоқ еді ғой, қала берсе Ахаң Алашорда партиясының толық екпінді мүшесі де болған емес», — деген сөздерді айтқанын естігенде мен біршама таң қалған едім. Өйткені ол заманда Ахмет Байтұрсынов нағыз халық жауы, халық мүддесіне қарсы, жат Алаш партиясының белсенді мүшесі деп түсіндірілетін.

Әлекең өз сөзін жалғастырып: «Ахмет Байтұрсыновты біз ерекше бағалайтын едік. Халық ағартушысы дәрежесінде біртұтас тұлға ретінде құрметтейтінбіз. Ақаңды біз өзімізше Алашорда үкіметінің құрамына сырттан кіргізіп қоятынбыз, сөйтіп ол кісінің халық арасындағы үлкен абыройын партия мақсатына пайдаланатын едік», дегені есті.

Әлекеңнің берген мінездемесінен кейін, Ахмет Байтұрсыновтың тұлғасы сомдала түседі, оның өз заманында қандай дәрежеде бағалғаны тағы да анықталады. Осы сөзінің өзінен-ақ Әлекеңнің қандай адам екені белгілі емес пе? Ахмет Байтұрсыновқа қарғыс таңба тағылып, оны құбыжық қылып көрсетіп, жұртты үркіткен заманда «А.Байтұрсыновты ақтау керек», — деп Қазақстанның бірінші басышына ашықтан-ашық талап қою Әлекеңнің ер азамат, ел намысы үшін жанын аямайтын қайраткер екенін көрсетеді. Өзі айдаудың, жазалаудың неше түрлі михнат-теперішін көре тұра, «тоталитарлық режимнің Ахмет Байтұрсыновты айыптау шешімі қисық», деп дауыс көтеруі ердің ерінің ғана қолынан келетін қимыл. Әлекеңнің сол уақытта, айдауды басынан өткізіп, жасы егде тартқан кезінде осындай саяси көзқарас көрсеткені, оның бұрынғы жас шағында дағы саяси көзқарасы да және әлеуметтік екпінді істері де жәй ғана романтика емес, нағыз қалыптасқан қажымас қайсар адамға тән халық мұқтажы үшін күресудегі өмір бағыты екені айқындала түседі.

ҮШІНШІ: Бірде Әлекең әңгімесінің барысында сіздер «Алаш» партиясын құрдыңыздар, сонда бетке ұстаған мақсаттарыңыз қандай болды дедік. Оған Әлекең мынандай жауап берді.

— Негізгі мақсат қазақ халқының қамы еді ғой. Елі сай, жері бай, өсіп-өнген өнерлі халықта-



Қолында жатып Ш.Қалдыбеков

ры бар мемлекеттермен тереңіте тең түсетін қазақтың дербес мемлекетін құру еді. Ол мақсатқа жету үшін ұйымдастырушылық күші бар ұйым керек болды. Ол ұйым Алаш партиясы деп есептедік. Мұның бәрі уақытында іске асыған әрекет еді. Қазір ол орындалмас ойдағы арман, көңілдегі қиял болып қалды, сондықтан да, жүректегі бітпес жара сияқты, — деді.

Ал, бірақ қазақ мемлекетін уақытында құра алмағандықтан, қазақ халқы басқа алдыңғы қатардағы өнерлі, тұрмысы жақсы халықтардың деңгейіне жететін әрекет жасауды қазір де мақсат қылып қоюдың қажетін айтты. Ол үшін үш шарт іске асуы керек делді. Халықтың өнер-білімі, тұрмыс жағдайы және денсаулық дәрежесі алдыңғы қатардағы халықтардың деңгейінде болуы керек. Бұл үш жағдай бірімен-бірі байланысты, бірінсіз-бірі жоқ. Мысалы, жақсы тұрмысыз жақсы денсаулық иесі болуы жоғары сапалы өнер-білім дәрежесіне көтерілу мүмкін емес.

Ал, жалпы халықтың денсаулығы төмен болса, онда тұрмыстың нашар болғанын көрсетеді, ондай халықтың алдыңғы қатарлы жоғары сапалы қатарлы болуы неғайбіл, өйткені мұндай қоғам құру үшін өнімді еңбек, толымды табыс болуы керек. Ол үшін халықта жігермен қатар жоғары сапалы ынтымақ, дәрменділік және қабілеттілік қасиеттері болуы қажет. Бұл қасиеттер халықтың денсаулық мол болған жағдайда ғана жүзеге асады.

Әлекең айтқан осы терең ойлар Л.Н.Гумилевтің кейіннен шыққан «пассионарность» теориясымен ұштасып жататынын байқау қиын емес. Л.Н.Гумилевтің бұл теориясы бойынша кез келген халықтың жоғары сапалы қоғам дамуына көтерілуі үшін немесе басқа халықтар арасында билеуші тайпаға айналуы үшін оған пассионарлық қасиет керек. Ал Әлекеңнің халықтық, ынтымақ, дәрменділік және қабілеттілік қуш-қуат қасиеттері дегені осы «пассионарность» ұғымымен шектесіп жатады. Әлекең бұл қасиеттер тікелей халықтың есен саулығымен байланысты екенін де нақты атап көрсетті.

Ол кісінің ойынша бірнеше халықтар өкілдері шоғырланған жерде өмірлік орын үшін халықтар әрқашан бәсекелес болады. Дәрменділік, қуш-қуаты артық халық, басқа өздерінен қабілетті аздардың алдыңғы қатарына шығып, көршілестерін ығыстыра береді, өмірлік қажеттілікке жататын нәрселерді өз пайдасына шешеді, одан үлес алатын басқаларды қақпай-лай береді, сөйтіп басқаларға өзінің үстемдігін жүргізеді, және біртіндеп оларды ассимиляцияға ұшыратады. Ал мұндайда дәрменсіздік танытқандар жеңілдік астымен ауырдың үстімен жүруде бейім тұрады да, айдауға көніп, өзінің шетке шығып қалғанын, қолындағы бар байлығынан және басқалай тіршілік бағдарынан айырылып бейшаралық жағдайға түскенін білмей де қалады, — деп атап көрсетті Әлекең. Осы Әлекеңнің әңгімесінен кейін мен: «апырмау Әлеке, осы айтылған ауыр жағдай қазақ халқының қазірде басына қайта түсті емес пе?» — дедім. Ол кісі: «Ия, шынында да солай ғой», — деп күрсінді. Онан соң өз ойын тереңдетіп түсіп, мынаны айтты: «Қазақ жеріне көп халық келді ғой — орыс, украин, татар, неміс, корей, дунген, ұйғыр т.т. Солардың барлығы өз шамасынан қарай қазақ жерінің шұрайлысын иеленіп кетті, қазақ ығысып шөлейт пен шөл жерлерде қоныс тебуде. Су байлығын да, жер асты байлығын да солар игеріп, онан әрі меншіктеніп алды. Шахтылар, заводтар және басқалардың өнімділігі мол өндіріс орындары сол келімсектердің қолында. Қазақ жастары өнімі мол болса да, ауырырақ жұмыстарға қабілетсіз жетпей, жеңіл-желпі тірлікке ауысып кете барады. Ал келімсектер өздері өндіріс орындарына ие болғаннан кейін, жергілікті қазақтарды жұмысқа қабілетсіз деген сылтаулар айтатын да көрінеді. Ал, шындығына келсек, қазақтардың өз жерінде өз тағдырының қожасы болуы және басқа халықтардың арасында терезесі тең тіптен алдыңғы қатарлы ұлтқа айналуы үшін оларға жалғыз үкімет билігін қолда ұстау аз, себебі қазақтардың қазіргі заманда сан жағынан басқалардан үлесі жоғары емес. Сондықтан, басқадан бір саты жоғары тұру үшін басқалардың ортасында өнер-біліммен, тұрмыстағы үлгілі қасиеттермен, ол жұмыста алғыр тәзімділікпен, спорт саласында алдыңғы көрсеткіштермен басқалар құрметтейтіндей жетістіктер көрсетіп, беделді халық болу керек. Мұның бәрі басқалардың менсінбейді, оны алдыңғы қатарлы, білік етуге қабілетті ұлт дәрежесінде қабылдамайды»...

Осылайша ойын қорыта келіп, Әлекең: «Міне, осының барлығының елеусіз боп жататын түп негізінің бірі халықтың жалпы есен-саулығымен байланысты ма деймін», — деді. Бұл арада Әлекеңнің денсаулықты ерекше бөліп айтқаны әңгімелесіп отырған менің дәрігер екеніммен байланысты болғанды бөлек тегінде.

Осыдан соң: «ал сен дәрігерсің ғой, шындығында жағдай қалай?» — деді. Сұрауға жауап ретінде «қазақ халқының жалпы денсаулығы нашар», — деуіме тура келді. Оған дәлел ретінде мынандай мысалдар келтірдім.

Туберкулезбен ауыру және одан өлу көрсеткіші Қазақстанда Батыс Еуропа елдерімен салыстырғанда 15 еседен асып түседі. Жылына 11-12 мың шамасында кісі ауырады, 1700-дей адам өлімге ұшырайды, 60 мыңнан артық адам дәрігерлердің есебінде тұрады. Бруцеллез де Қазақстанда тым етек алып кеткен ауру. Одақтың көрсеткішінен Қазақстанның көрсеткіші 7-8 есе артық. Бақытсыздықтың бір түрі — балалардың өлім-жітімі жалпы шығынның 40-50 процентіне жетеді. Оның үстіне бұл көрсеткіш шет елдердің көрсеткішінен тағы да 7-8 есе артық. Мал шаруашылығымен шұғылданатын аудандарда балалар арақолында рахиттен болатын мешелдік 60-80 процент шамасында көп кездеседі, ал жастардың бойының, өсуі өздерінің қаладағы құрдастарынан 10 см шамасында кем түсіп жатады.

Кейбір аудандарда гастрит, бронхит аурулары көп, көрліктің белгілері 35-40 жастан бастап

біліне бастайды, ал, екікабат әйелдердің арасында қаны азайғандар, тіпті, жиі кездеседі. Бүкіл дүние жүзіне белгілі қылтамақ және асқан рагы Қазақстанның кейбір аймақтарына тән аурулар болып саналады. Республикада қылтамақ боп ауырғандардың бестен бірі қазақстандықтар. Қызылорда облысында рақпен ауыратындардың саны Грузия, Армения, Эстония және Латвиядағы аурулардың бәріннің санын қосып есептегенге тең. Сонымен бірге қазақ халқының Латвиядағы аурулардың бәріннің санын қосып есептегенге тең. Сонымен бірге қазақ халқының тамақтану жағдайы жалпы алғанда нашар екені байқалады: физиологиялық нормада витамин А — 15,5-33,3%, витамин С — 21,0-67,1%, витамин В2 — 58,0-91,0%, белок заттарының (малдан түсетін азық бөлігінен) — 30,3-80,4% ғана қазақтардың организміне барып жатыр.

Дәрігерлер зерттеген аудандарда қыс және жазғытұрым айларында халықтың 95-100 процентінде қанның құрамында С витаминінің жетіспеушілігі байқалады. Мұның бәрі халықтың көпшілігі жартылай аш құрсақ деген қорытындыға итермелейді. Әлекең осы мен айтқандарды тыңдап болып: «апырау, мына мәліметтерің жан түршіктіреді екен», деді. «Иә, бұлар шырылдаған шындық», — дедім мен де. Әлекең: «бұл кемшіліктердің себебі неде?» — деп тағы да қосымша сұрақ қойды. «Кемшіліктердің негізгі себептері организмге керекті тамақтан түсетін биологиялық заттардың кемдігінен, яғни, белок пен витаминдердің жетіспеуінен», — дедім. Тамақ құрамының нашарлығынан бөлек рахит пен мешелдікке душар болады, организмнің ауруларға қарсыласу күші нашарлағандықтан балалардың өлім-жітімі де көбейеді. Туберкулез, қылтамақ және басқа да созылмалы аурулардың халық арасында етек алып кетуіне жол ашылады. Тамақтанудағы кемшіліктер организмнің тікелей физикалық әлсіреуіне және оның қуш-қуатының, төзімділігінің жетілмеуіне әкеп соғады. Ал бұл ақырында адамның жалпы тіршілік қабілетінің төмендеуіне душар етіп, сөйтіп, олардың тұрмыста, өмірде, спортта қол жеткізуде көрсеткіштерін төмендетеді және көп жағдайда ерте жарым-жандыққа, көрлікке алып барады. Ал жас азаматтарды «тепсе темір үзетін» жағдайға жеткізбей тежейді. Міне осылар, — дедім мен Әлекеңе, — сіз армандаған қазақ халқының терезесінің басқалармен тең тұруына бөгет болатын негізгі қасиеттер.

Әлекеңмен осы әңгімемізде бұл кемшіліктердің бір күнде жойылып кете қоймайтынына тоқталдық. Себебі, айтылғандар қазақ халқының өзіне тән этникалық терең тарихи тамырымен және ұрпақтан ұрпаққа ауысып отыратын дәстүр-салтымен тығыз байланысты.

Ескі дәстүр-салт тарихи, саяси, жағрафиялық және экономикалық жағдайлардың өзгеруімен байланысты бірте-бірте ақырындап өзгеруі тиіс, бірақ бұл процесс көптеген, тіптен жүздеген жылдарға созылып кетуі де мүмкін. Қазақ халқының алдындағы міндет негізгі мақсат — осы процесті барынша жылдамдату деген тұжырымға келдік. Егерде, қазақтың мешелді-

гі сәтсіздігі жалпы алғанда оның денсаулығының нашарлығымен, тамақ құрамындағы белоктардың және жеміс-жидек, көкөністерден түсетін витаминдердің жетіспеушілігінен десек, сонда не істеу керек деген өте қарапайым, бірақ нақты сұрақ туындар еді.

Физиологиялық қажеттілік тұрғысынан қарағанда, адам күнде еттен істелген тамақпен тамақтануы қажет. Ал ел арасында базары жоқ жерлерде күнде ет жеу сирек кездесетін жағдай болып кеткен. Оның бір себебі жаз айларында сойған малдың етін бүлдірмей үнемдеп жеудің мүмкіншілігінің жоқтығынан да. Бұл үшін әр үйде тоназытқыш болуы қажет. Ал адам организміне керекті витаминдері бар өнімдер — көкөністер (оның ішінде әсіресе қажеттілері қаруоста, сәбіз, тағамдық қызылша, картоп, помидор) жемістер (әсіресе қарақат) және қымыз тәрізді витаминдері бар осындай тағамдарды керегіңше үзбей күнде пайдалану қажеттілігін жете түсінгенде әсіресе көкөністерді тұтынулы тамақтануда үздіксіз пайдалануды әдетке айналдырғанда ғана қазақ көкөніс, жеміс-жидектерді өсіруді және одан тағамдар жасауды салтқа айналдырады. Ал мұндай салт-дәстүрдің қазақ халқының денсаулығын, тұрмыс жағдайын жоғары көтеруге ықпал ететіні сөзсіз. Айталық, егерде әрбір жаңауысының үйінің жанында кішігірім бау-бақша болған болса, қазақ халқы өзінің тарихында сан рет кездескен аштықты басынан өткізбегенде болар еді. Керек десеңіз 1932 жылдың құрғақтығына да кездеспес еді. Қазақ аштықтан қырылып жатқанда, онымен көршілес басқа халықтардың аштыққа ұшырамауының бір басты себебі міне осында деп есептеген жөн.

Өзінің әңгімесінде Әлекең: «өкінішке орай, ел арасында, тіпті, оқығандардың ішінде де көкөніске қарсы насихат жүргізгендер де аз емес. Кейбіреулер «Қазақ шөп жемей өскен халық еді ғой», — «Шөп жеп, мал болып кетеміз бе?» дегенді айтады. Мұның өзі провинциализмнің бір түрі екені анық. Басқа халықтардың өнері мен тұрмысының жетістіктеріне осындай жиіреңішті көзқарас туғызу, өзінің тұрмыс және өнер жағдайы мешеулікке болса да, оны көре білмеу, ауылдық, рулық салт-дәстүрлердің кейбір кемшіліктеріне қарамастан оларды мадақтау, қазақты жүзге болу нағыз провинциализмнің өзі. Осындай кертартпа надандықтың жолын қуғандары кезінде Абай, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып, Шәкәрімдер қатты сынаған болатын» — деді.

Әлекеңнің осы айтқандарына дәлел ретінде Шәкәрімнен мына екі өлең шумағын келтіруге болар еді:

Сұрқия, сопылардың алма тілін,
Беті тұнық, асты ылай
ол бір жылым.
Өнерсің өнеге алсаң
үлгілі елден.
Адамшылық, өнер мен
берер білім.

Алаяқ сұмдарға ерсең,
болмас жолың,
Қазағым-ау, қанғырып
қайнар сорың,
Өнер-ғылым үйренсең,
еңбек етіп,
Мазак болмай елдікке
жетер қолың.

Міне, қазақ елі бақытқа бөленіп, есейіп, гүлденіп, көркеюі үшін шыбын жаным құрбандыққа байлап, бітіспес қайсар күреске шыққан қазақ елін еркіндікке, теңдікке сүйреген, ел қамын жеген азамат Әлімхан Ермековпен сұхбаттасқанда айла қалған, көңілде жүрген кейбір мәселелер осы еді. Оларды қағаз бетіне түсіріп, жұртшылыққа, кейінгі ұрпаққа жеткізгенді жөн көрдік. Әлекеңмен кездесу барысында, ол кісінің терең, тапқыр ойлы, шебер тілді ел қамқоршысы екені бірден көзге ұрып тұратын.

Тілегіміз, кезінде алты Алашқа әйгілі болған Әлекең сияқты ардақты ерлердің аруағы, қазақ халқын алда жетпей берсін, оны мақсатына жеткізсін!

Баспаға ұсынған
Айдар АТШАБАРОВ



• ТАҒЫМ

Серік АҚСҰҢҚАРУЛЫ

Темірғали Көкетаймен қоштасу жыры

Физиктер мен лириктер

Сутегі атом бомбасын ойлап табушылардың бірі Андрей Сахаров кейін өз ісіне өзі өкініп, диссиденттік қозғалыстың көсеміне айналды. Ол кезде атом бомбасын жасағандар ерекше мәртебеге ие болған. Көбісінің аты-жөні мемлекеттік құпияға айналған. Тоталитарлық қоғамда физиктер мемлекеттің ерекше илтипат-құрметіне бөленеді. Лириктер болса қуғында болды. Евгений Евтушенко, Андрей Вознесенскийлердің антисоветтік өлеңдері Саяси Бюроның шақына тие бастаған. Баспасөзде бұл ақындардың аты-жөнін атауға ЦК-ның арнайы рұқсаты керек болған...
Ғасыр адамы атанған Темірғали Көкетаймен:

– Мен физик болғаным өкінемін! – дейді.

– Неге?


– Қазағымның жоғын түгендей алмадым! Біз Американың үндістері секілді өз байлығы өзіне сор болған елге айналып барамыз. Қазақтың казакқа жаны ашымайды. Абайдың кезіндегі казактан кара үзіп кеткен казак саусақпен санарлықтай.

Поляктарға қарашы? Парижде баяғыда дүниеден қайтқан Шопеннің жүрегін Варшаваның шіркеуіне әкеліп әспеттеп қойды! Ал біз не істеп жүрміз?! Кенесарының басы қайда?! Біреуге ессен жіберген ел – ел емес! – деді де – Физикадан лирика мықты! – деп қалды. – Менен сен мықтысың!

Мен аң-таң қалдым...

Темірғали Көкетайменнің тұлға бойы ұлттық рух! Күндіз-түні соны іздейді. Ол физикада жоқ екен... Жаңаарқаның белінен, Сарыарқаның елінен соны іздейді! Соны іздеп «Ақ жол» партиясына барып еді – таппай қайтты!

Сонымен қайда барарын білмей, өле-өлгенше дағдарып кетті!



Қоштасу жыры

Ер еді есіл-дергі елдің қамы.
Осындай ғана шығар ердің нары!
Жоғары ұмтылғанда елдің бәрі,
Төр еді ол отырған жердің бәрі!

Ұлы да ертеңіне, қырың да – алаң.
Айтушы ед соның шерлі жырын маған.
Ұмытып ұлы физик екенін де,
Бозторғай – «Қазағым!» – деп шырылдаған...

Білмеген оны әлемде жан қалмады,
Сүйсініп жаһанның заңғарлары

Алашқа Эйнштейн келді-кетті!
(Соны тек казак қана аңғармады...)

Қазағын іздеп қиян шолып, көкті,
Кеудесі мұң, налага толып кетті.
Ұмытып Ньютонды, соңғы кезде
Азалы Асан Қайғы болып кетті!

«Хош!» – дейін?
Жоқ қой басқа амалым да!
Жұртыңда көшкен елдің қаламын ба?!
Қазақтың ұлы болмау қасірет қой,
Темірғали Көкетайдың заманында...
22.09.2024 ж.

Бақұл бол, досым!

Темкеннің қырық да келіп қалыпты. Көз ілеспейтін жылдамдықпен өтіп жатқан уақыт. Жаксы көрген жолдасыңды өлімге қимайсың, өлді деген суық сөз бойыңды қарып өткенде ғана, бұл жалғанның баянсыз екенін түсінеді екенсің. «Жас кеттің-ау» демеймін. Қимаған соң айтқан пенделілік қой.

Темке, бар болғаны екі-ақ жас үлкен болсаң да, ағамдай сыйлап өткен едім. Жымып қана тұрғанда жүзіңнен нұр тамып тұрушы еді. Екеуіміз кезігіп қалғанда сағынысып, өмір бойы бірге жүргендей сырласқымыз келіп тұратын. Сонда не айтатынымыз есімде қалмапты, әйтеуір, дүние шаруасы емес, саясат та емес, қазағымның ұсақ-түйек шаруасы-ау деймін. Сөзіміз жарасып, тілек-мұңымыз бір жерден шығушы еді.

Қолымыздан не келді, не келмеді, тырбанған болып, қазақтың атын аспанға шығарсам да, ұясын бүтіндасыңды өлімге қимайсың, өлді деген суық сөз бойыңды қарып өткенде ғана, бұл жалғанның баянсыз екенін түсінеді екенсің. «Жас кеттің-ау» демеймін. Қимаған соң айтқан пенделілік қой. Темке, бар болғаны екі-ақ жас үлкен болсаң да, ағамдай сыйлап өткен едім. Жымып қана тұрғанда жүзіңнен нұр тамып тұрушы еді. Екеуіміз кезігіп қалғанда сағынысып, өмір бойы бірге жүргендей сырласқымыз келіп тұратын. Сонда не айтатынымыз есімде қалмапты, әйтеуір, дүние шаруасы емес, саясат та емес, қазағымның ұсақ-түйек шаруасы-ау деймін. Сөзіміз жарасып, тілек-мұңымыз бір жерден шығушы еді.

Бақұл бол, деуге де келіп қалдық. Иманьң жолдас болсын, бауырым.

Соңыңнан жоқтау арнап жатқан, өзіңнің Зәкең.

Заркын ТАЙШЫБАЙ,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

Шында өскен қарағай!

XX ғасыр ғұламасы Темірғали Көкетай көкеме

Мінезі баладай, көңілі даладай,
Ниегі жаманға – сөздері «одағай»,
Емендей иілмес,
Тасқа өскен қарағай!

Темағам күлгенде, көңілі жаз болған,
Формула жазғанда санаға саз конған.
«Мен өзі ақымақ адаммын дегенде»,
«Ақылды» топастар бұл сөзге маз болған...

Қазақтың тілі еді... Сіз үшін ұлы арман!
Тірлікте сырғанды, адам аз ұғалған.
Ғылымға қосқаның өлшеусіз жаңалық,
Суықтан – жарықты шығарған...

Адамзат соңыра бұл сырды ұғарсын...
Талантпен ойнауға әзірге құмарсын...
Тас бауыр қоғамды – мейірімді қылам деп,
Суықтан жылулық іздеген шығарсын...

Ақиқат жалынан серт қылып ұстадың,
Сол жолдан таймады адами ұстамың.
Шарболат сияқты сан рет ширектің,
Қолыңнан шыққан соң Тәңірдей ұстаның!

Толтыраң деуменен Алаштың ессен,
Ұлылар осылай өмірден көшесің...
Тау тұлға Темағам алдымнан шығардай,
Аралап келемін кеншілер көшесің...

Қойлыбай АСАН

Ғасыр ғұламасы еді...

Қайран, Темағам! Темірғали Әбілдаұлы Көкетай. Осы бір тұлғамен мені тағдырдың өзі табыстырып еді.

...Өткен ғасырдың 1964 жылы Алматыдағы Абай атындағы институттың физика факультетін бітіріп, тура сол жылы Эстонияның тарихы тереңде жатқан Тарту университетіне тағалымдамадан өтуге барады. Сонда жүріп академик Чеслав Лушицкий ғылыми жетекшілігімен кандидаттығын айрықша үздік қорғайды. 1972 жылы әйгілі Евней Бокетовтің арнайы шақыруымен Қарағанды университетіне кафедра меңгерушісі болып орналасты. Өз саласында жаңалық ашып, докторлық диссертациясын қорғайды.

Сол кезден бастап табан аудармай, Қарағандыдан тапжылмай, мындаған шәкірттер тәрбиеледі. Ол өмір бойы өзінің ағалары Әлімхан Ермеков, Евней Бокетов бастаған істерді табандылықпен жалғастырды. Темағам әдебиетті терең сүйді, облыстық «Қазақ тілі» қоғамын басқарып, шын мәніндегі тіл жанаңшыры болды. Өз саласындағы алуан түрлі монография, оқулық, оқу құралдарынан басқа, физика терминдерінің қазақша-ағылшынша түсіндірме сөздігін жасап қалдырды. Әлемге әйгілі Оксфорд университетінде лекция оқыған тұңғыш казак профессоры ретінде тарихта қалды. 1999 жылы Кембридж университеті биографиялық орталығының анықтауымен «Ғасыр Адамы» атанды.

...Темағаммен Заркын Тайшыбай, Тілеубай Тасболатұлы ағаларым арқылы жақын таныса түсіп, дәм-тұзымыз араласты. Әкемдей қамқор болған Темағам 85 жасында автокөлікпен келіп, менің Абай еліндегі 60 жылдық мерейтойлық шараларыма бастан-аяқ қатысты. Сол күндері қазақтың классик ақыны Иран-Ғайып екеуі қолтықтасып жүріп, талай сахна төрінен ақ тілектерін ағылтты.

Онаша сәттегі бір сырласуымызда: «Мен өмірге қайта келсем, әдебиетті таңдар едім» деген өкінішін де білдірген болатын. Осыдан екі айдай бұрын, облыстық «Орталық Қазақстан» газетінің бетінде менің Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылған кітабым туралы «Білте шамның жарығынан –

Күннің жарығына дейін...» деген атпен мақаласын жариялап, ақ батасын беріп еді. Сондай қамқор, мейірбан, ұлтына адал қызмет еткен, ерекше парасат иесі, ақылман Абымырзадан көз жазып қалғанымызға сенгім келмейді.

Абылайханның атакты қолбасшыларының бірі Нияз батырдың тікелей ұрпағы, әйгілі Сәкен Сейфуллиннің Жаңаарқасында дүниеге келген тектінің тұяғы, бекзат болмысты Нар казактан айырылды! Өзекті ортейтін өкініш, алты Алашқа қайғы.

Уақыт тегершігі тоқтамай зымырап барады. Ғасыр ғұламасы, асыл ағатайымнан көз жазғалы да міне қырық күн өтті! Біз өзіңіздің жарқын бейнеңізді ешқашан ұмытпаймыз, Абыз Темағам!

Бауыржан ЖАҚЫП,
Қазақстан Жазушылар одағы басқарма төрағасының орынбасары,
Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының академигі

Ұлы Дала өркениетінің перзенті

Халқына айқара құшағын ашқан, сан мындаған шәкірттеріне шуағын шашқан Темірғали Әбілдаұлы Көкетай – ұлағатты ұстаз, ғұлама ғалым, ақылғөй аға, бауырмалдықтың жарқын үлгісін көрсеткен бірегей тұлға. Ұлы Дала өркениетінің перзенті, Арқаның төрінде, қасиет конған Жаңаарқа өңірінде өмірге келген казак баласы қатты дене физикасындағы кең аумақты кристалдар саласы бойынша ғылыми жаңалық ашып, «XX ғасырдың аса көрнекті адамы» атағын алды. Әлем өркениетіндегі озық ойлы адамдардың қатарынан көрінді. Ғылыми жаңалыққа дүниежүзі ғалымдары қызығушылық танытты. Англия, Америка, Германия, Франция, Қы-



тай, басқа да атакты университеттер дәріс оқуға шақырды. Төрткүл дүниенің алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарының профессорлары мен білім алушыларының алдында Темкен дәріс оқыды. Бұл – казак халқы үшін, университет ұжымы үшін, шәкірттері үшін зор мақтан.

Арда азамат кішіпейілділіктің асқан үлгісін көрсетті. Ақылын айтып, еркелете білді, еркелігімізді көтере алды, сәл-пәл тентектік болса, соның бәрін кешіріп, өкшесін басқан інілеріне қамқорлығын аямады. Халқына құшағын ашты, сан мындаған шәкірттеріне шуағын шашты.

Қазақтың маңдайына біткен

алып тұлғадан қапыда көз жазып қалдық. Асыл ағаммен саябақта жүздесіп, емен-жарқын әңгімелескен едік. «Е-е-е, кімге опа берген дейсің бұл жалған дүние! Бәрің жақсы болыңдар! Бір-бірінді сыйлап, қолдап жүріңдер!» деп бақұлдасқандай болды. Сол сөздері көкейімде қалып қойды.

Жайлауы жарасымды ұрпақ тәрбиелеген Темкен. Ұрпағының жапырағы жайқала берсін, тамыры тереңдей берсін!

Салауат КЕНТБЕКОВ,
тарих ғылымдарының кандидаты,
профессор, «Құрмет» орденінің иегері

Мәңгілік жарық

Мағынасыздық қысқанда әр тараптан, Көз алмаған, ағам-ай, ақ парактан. Жаңаарқада туа сап, күллі әлемді, Даласына қазақтың жалт қаратқан. Баласына қазақтың жалт қаратқан!

Биік самғап, білуге құштар жаның, Күйкісіне күйбеңнің пысырмадың. Ұрпағыңа ұлағат болып қалды, Ар шыңынан ешқашан төмендемей, Биіктіктің қадірін ұқтырғаның.

Сән қып жатса, қызықтап, ел әр нені, Бір ізденіс болды әр кез жан ермегі. Жүректерді жаулап ап, бір қаттылық, Туысын да танымай шарқ ұрғанда, Сен оны да «Ғылым!» деп дәлелдедің.

Бірақ, сенің ғылымың шуақты еді, Қайнары мол, мөп-мөңдір бұлақ дені. Өмір атты қып-қысқа баянында, Қаттылықтан да бір сәуле іздеп өткен, Аппақ жаның, ағатай, жұмақ тегі.

Арқа тұтып, Сәкенді, Мағжандарды, Аласармас жүрекке арман жанды. Сол арманды аялап, арлы жолың, Сарыарқада, жерінде туып-өскен, Ұлы жолға өлмейтін жалғанған-ды.

Мінезіңіз Нұранның арнасындай, Болмысыңыз бабалар таңбасындай. Алшаң басып, жүрдіңіз Еуропада, Мұхитында ғылымның ізі қалған, Эйнштейн, Ньютонның жалғасындай.

Солай жаның сан көктем, күзді өткерді, Сан естелік, сәнді сәт тізбектелді. Кәрі құрлық төрінен атақ пен даңқ, Бұрылып та өзіне қарамаған, Бұйра шашты жігітті, еңсесі тік, Кеншілердің еліне іздеп келді.

Нұрлы бейнең бұл күнде сағым, аға, Туған жансың қазақтың бағына, аға! Марғасқа ұлдар, мәрт мінез көп болса да, Жан-жүрегі жұртымен егіз туған, Өзіңіздей шын ғалым табыла ма?!

Көрсетсең де жасыңнан тағылымды, Кеш түсіндік, кеш ұқтық қадірінді. Бүгін, міне, жолыңда жүріп өткен, Қазағыңның өр рухы атойлап тұр, Ту қып ұстап мәңгілік жарығанды!

Жәлел ҚУАНДЫҚҰЛЫ



Құттықтаймыз!

Арқа өңірінің Құрметті азаматы, ақтық демі қалғанша еліне ерен еңбегі сіңген бірегей тұлға Ілдебай Есжановтың артында қалған тұяқтары Асқар Есжановты 60 жылдық мерейтойымен, Сапар Есжановты зейнет жасымен, Гауһар Есжанованы зейнет жасымен, Шолпан Есжанованы туған күнімен құттықтаймын. Бүгінде аяулы жар, асқар тау әке ортамызда жоқ болса да, қасқайған қамалдай бейнесі әрқашан жүректе жаңғырып тұр. Сонау 1958 жылдан бері дәрігерлік мамандықпен қара қазақтың қамына кіріскен Ілдекеңді кім білмейді десеңізші. Ажал шіркінге шара бар ма?! Десең те, бүгінде марқұмды ұмытып кетті дей алмаймын елі. Есімін естисе бірден жылы шырайланып жағымды естеліктерімен бөлісетін жандар баршылық. Бұл «жақсының аты өлмейді» деген мәтелді растаса керек. Артында қалған төрт бірдей ұл-қыздың қызығын мен, Камаль Есжанова көріп отырмын. Бүгін үбірлі-шүбірлі немере мен балалардың ортасында шалқыған өмір сүрудемің. Сол Ілдекеңнен қалған аманаты ұрпағын қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай өсіріп, жеткізу менің борышым еді. Енді міне, ұлдарым ер жетіп, алды зейнетке шығуда. Бұл – білген жанға бір белес. Құлындарым келген жастарың, алған белестерің құтты-қайырлы болсын! Сендерге Төңірім ғұмыр берсін. Әлемнің бар жақсылығын осы бір шағын мәтінге тізе алмасам да аналық ниетім мен лебізім өздеріңмен! Әкелерің тірі болғанда ол да мендей бөркін аспанға атып қуанар еді. Сендердің жеткен жетістіктеріңді, алған асуларыңды көріп. Ендігі ғұмыр сендер мен сендерден тараған тұяқтардыкі. Біздің әулеттің асқаралы аманаты – өнегелі өресті ұрпақ тәрбиелеп, оны Отанына қызмет етер адал ұл етіп өсіру. Міне, осы бір жауапты іс енді сендердің қолдарыңда.



Құрметпен, аналарың – Камаль Есжанова

№326

• МЭЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

Жөндеу жұмысында кідіріс жоқ

Балқаш қаласында бірнеше аумағында күрделі жанарту науқаны басталып, қазіргі уақытта мердігерлер бірнеше көшеде орналасқан коллекторларды қалпына келтіріп жатыр. Қайта жанарту жұмыстары құбырлар тозығы жеткен аумақтарда қауырт жүргізілуде. Осыған байланысты қаламызда биыл бірнеше көшелерде жол жөндеу жұмыстары болмайды. Бұған себеп, шаһарымызда күрделі құбыр ауыстыру жұмыстарының жасалып жатқанына байланысты дейді мамандар.

Нұрдос КӨРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Биыл жол жөндеуге құбырлардың ауыстырылғаны кедергі болып тұр. Қаланың мердігері «Тастемір» ЖШС осы жылы базардың жолын жасады. Сонымен қатар, Щербаков көшесінде жөндеу жұмысы жоспарлануда. Победоносцев көшесіндегі жұмыстар аяқталуға жақын. Су құбырларын ауыстыру жұмыстары тәмамдалып жатыр. Осы апта соңында жұмыстар аяқталғаннан соң мердігер жол салуға көшеді. Маңызды ақпаратты мәлімдей кетейік, Победоносцев көшесінде асфальт салынып, жарықтандыру жұмысы жасалады. Жаңадан аялдамалар орнатылады. Жаяу жүргіншілер жолы салынады. Сондай-ақ, басқа да жұмыстарды жоспарлап отырмыз, – дейді Балқаш қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі басшысының міндетін атқарушы Берік Бекмағамбетов.

Айта кетейік, биыл Балқаш қаласы бойынша конкурс өткен. Конкурс нәтижесі бойынша мердігер анықталып, жол жөндеу жұмыстары «Тастемір» мердігер ұйымына тапсырылған.

БАЛҚАШ

Есенбек Кәбіріұлы СЫЗДЫҚОВ

Жарқын бейнесі мәңгі есімізде

24 қыркүйек күні 74 жасқа қараған шағында еңбек ардагері, Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы, мейірімді де парасатты, ақкөңіл адам, өзінің барлық өмірін спорт саласының қарқынды дамуына арнаған Есенбек Кәбіріұлы Сыздықов бұл дүниеден озды.



Есенбек Кәбіріұлы Сыздықов 1951 жылы Қарағанды облысы Қарқаралы ауданында туған. Сыздықовтар отбасындағы балалардың үлкені болып, ол іні-қарындастарына үлгі көрсетіп, солардың қамқоршысы болуға тырысты. Мектепті бітіргеннен кейін Есенбек Сыздықов Қарағанды мемлекеттік университетін үздік бітіріп, дене шынықтыру және спорт мұғалімі мамандығын тәмамдап, Қарағанды қаласындағы балалар және жасөспірімдер мектебінде мұғалім болып еңбек жолын бастаған.

Мәскеу қаласындағы жоғары спорт мектебін бітіргеннен кейін, ол 1989-2007 жылдары қарағандылық «Шахтер» футбол клубының жаттықтырушысы, бас жаттықтырушысы, футбол командасының бастығы қызметтерін атқарған. 2007-2013 жылдары «Жастар» ресурстық орталығының директоры болып еңбек етті.

Спорт саласындағы елеулі еңбегі үшін Есенбек Кәбіріұлы Сыздықовқа «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы» атағы берілді және ол көптеген медальдармен, Құрмет грамоталар және Алғыс хаттарымен марапатталды.

Есенбек Кәбіріұлы әріптестері, жолдастары, шәкірттері, туған-туыстары арасында ерекше құрметке ие болды. Өйткені ол қай жұмысты да абыроймен атқарып, олардың сенімін ақтай білді. Оның қарапайым мінезі, адал көңілі, әке-ата деген асыл қасиеттері, жарқырап тұрған бейнесі біздің жадымызда үлкен өнеге болып қала береді.

Қарағанды облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы
Қарағанды облыстық ардагерлер кеңесі
№327

Тазалық табалдырықтан басталады

Дүниежүзілік тазалық күнінде аймақ тұрғындары жұдырықша жұмылып, сенбілікке шықты. Нақтырақ айтқанда, сол күні облыстың 32 мың тұрғыны өңірді тазалауға атсалысты. Бірлікке бастаған сенбілік барысында екі мың тоннадан астам күл-қоқыс сыртқа шығарылды. Ал, Қарағандыда World clean up day шарасына төрт мыңнан астам тұрғын қолдау көрсетсе, сол қолдау нәтижесінде 59 гектар жер тазаланыпты. Ол аумақтан 521 тонна қоқыс шығарылыпты.



Сенбілікке қатысуға ынта білдіргендер Қарағанды қаласының Пришахтинск бөлігіндегі орман алқабын да назардан тыс қалдырмады. Көпшілік демалыс ұйымдастыратын ол алаңнан 52 қап қоқыс жиналды. Демалыстан соң қалған пластик, шыны, қағаз, қаңылтыр құтылар сұрыпталды. Сол арқылы қайта өңдеуге жөнелтілді. Сенбілікте белсенділік

танытқандарды да ұйымдастырушылар күрқол қайтармады. Оларға сыйлықтар табысталды. Жоғарыда айтып өткеніміздей, аймақтың әрбір қала-ауданында сенбілік ұйымдастырылды. Мәселен, Теміртауда 175 тонна қоқыс жиналды. 10 гектар жер тазартылды, оның ішінде, Самарканд су қоймасының жағалауы да бар. Жағажайда жас эковолон-

терлер қоқыс жинап, көшеттер екті.

– Жағалауды қоқыстан тазартуға №16 Теміртау жалпы білім беретін мектебінің 5 және 11 сынып оқушылары, «Отражение» қоғамдық бірлестігі мен экология департаментінің өкілдері, сондай-ақ, кәсіпкерлер қатысты. Біз қала тұрғындарын тазалықты сақтауға және су айдындарының



жанында тәртіпті сақтау – біздің ортақ еңбегіміз бен жауапкершілігіміз екенін ұмытпауға шақырамыз! Келесі сенбілік орталық мешіт маңында өтеді, – деді «Отражение» ҚБ басшысы Елена Варганова.

Бұл күні балқаштықтар да белсенділік көрсеткен екен. Сенбілік кезінде екі мыңнан астам тұрғын 295 тонна қоқыс жинады. Абай ауданында сенбілікке екі мыңнан астам адам қатысып, 200 тонна қоқыс шығарылыпты. Нұра ауданында қоқыстан 45 гектар тазартылып, 100 тоннадан астам қалдық жиналды. Үш рұқсат етілмеген полигон жойылды.

Акцияға барлығы 2500 мыңнан астам тұрғын қатысты. Осакаров ауданында 60 гектардан астам жерден 105 тонна қоқыс жиналды. «Сенбіліктер ауданның барлық кент-ауылында өтті. Ауылдық округтердің тұрғындары белсенді қатысты. Сонымен қатар, жастардан қарт адамдар да қалысқан жоқ», – деді Осакаров ауданының әкімдігі.

Осылайша облыс бойынша Дүниежүзілік тазалық күнінде барлығы 93 рұқсат етілмеген полигон жойылды.

Өз тілшімізден

Жақсылық жасап жарысайық



Ел болашағының тізгінін ұстайтын жас ұрпақ – мемлекетіміздің басты құндылығы. Олардың толыққанды білім алып, саналы азамат болып қалыптасуына ықпал ету – басты міндет.

Осыған орай, 2024 жылдың 1 тамыз және 30 қыркүйек аралығында «Мектепке жол» республикалық акциясы «Жақсылық жаса» ұранымен жүзеге асырылуда. Акция жаңа оқу жылында әлеуметтік қорғалмаған отбасы балаларына қолдау көрсету, баланың әлеуметтік себептермен мектепке келмей қалуының алдын алу мақсатында өткізіледі.

Қазіргі таңда «Мектепке жол» акциясына демеушілерді тарту мақсатында әртүрлі бизнес өкілдеріне сұраныс хаттар жіберіліп, ата-аналар мен мектеп қызметкерлеріне түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Оқушыларға қолдау көрсеткендердің бірі – «Жалпықазақстандық Кекушинкай Карат» республикалық қоғамдық бірлестігі. Гимназиямыздың бастауыш сынып оқушыларын рюкзактармен, кеңсе құралдарымен (дәптер, түрлі-түсті қарындаштар, акварель бояу, күнделік, сызғыш, өшіргіш, пенал, т.б) қамтамасыз етті.

«Мектепке жол» акциясы алдағы уақытта да өз жалғасын табады. Жақсылық жасау – күн шуағындай адам жүрегінің ұрға бөлейді. Ал, балаға қуаныш сыйлау – бақыттың биік шыңы. Осы орайда акцияға демеушілік көрсетіп, оқушыларға қайырымдылық жасап, себепкер болған әрбір азаматқа зор алғысымызды білдіреміз. Қайырымды іс жасасаныз, сонда әр ісіңіз қайырлы болар.

З.ТУСУПБЕКОВА,
М.Жұмабаев атындағы гимназиясының әлеуметтік педагогі

«Жезқазған қалалық соты Ұлытау облысы, Жезқазған қаласы, Сейфуллин көшесі, 17-үй, 3-пәтер мекенжайында тұратын Мария Васильевна Маркинанн арзы бойынша 23.12.1982 жылы туған Галина Александровна Липинскаяны (Коба) және 06.11.1963 жылы туған Марина Евгеньевна Кобаны хабар-ошарсыз кетті деп тану туралы азаматтық іс қозғады.

Галина Александровна Липинскаяның (Коба) және Марина Евгеньевна Кобаның тұратын жері туралы мәліметтері бар барлық адамдарға бұл туралы хабарландыру жарияланған күннен бастап үш ай мерзімде Жезқазған қалалық сотына хабарлау ұсынылады».

«Жезқазғанским городским судом возбуждено гражданское дело по заявлению Маркиной Марии Васильевны, проживающей по адресу: Улытауская область, город Жезказган, улица Сейфулина, дом 17, квартира 3, о признании Липинской (Коба) Галины Александровны, 23.12.1982 года рождения и Коба Марины Евгеньевны, 6.11.1963 года рождения безвестно отсутствующими.

Предлагается всем лицам, имеющим сведения о месте пребывания Липинской (Коба) Галины Александровны и Коба Марины Евгеньевны сообщить об этом в Жезказганский городской суд в трехмесячный срок со дня опубликования объявления».

№325

Қайырымдылықта қайыр бар

Жаңа оқу жылы қарсаңында «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы аясында №12 жалпы білім беретін мектеп сайтында және әлеуметтік желілерге хабарландырулар жасалды. Сондай-ақ, мектебімізге бөлінген шағынаудан бойынша рейд жүйелі жүргізілді.

Игілікті мақсат көздеген шақыруға бизнес иелері мен жеке кәсіпкерлер үн қатуда. Қайырымдылық акцияға демеушілік көмек көрсеткен «Қазақстан Халық банкі» АҚ ҚОФ директоры В.Пунтус мырза 160 000 теңгеге оқушы сөмкесі мен оқу құралдарын көпбалалы және аз қамтылған отбасындағы 4 оқушыға көмек көрсетті.

Облыстың жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарма басшысы Н.Лияш көпбалалы отбасынан 3 оқушыға 90 000 теңгеге оқушы сөмкесі мен қажетті оқу құралдарымен қамтамасыз етті. Мектебіміздің асханасын жалға алушы Айгүл Жуандықова

әр жыл сайын 2 оқушыға оқушы сөмкесі мен қажетті оқу құралдарын әперіп келеді.

Мектебіміздің ұлағатты ұстазы Зауреш Әйнекова сыныбындағы аз қамтылған оқушысына 40 000 теңгеге оқушы сөмкесі мен оқу құралдарын көпбалалы отбасындағы 4 оқушыға көмек көрсетті.

Мектеп дефектологі Гүлнар Смағұлова қыз балаға спорттық киім, 12 000 теңгеге көмек берсе, Құлшат Тайшикова 1 оқушыға 13 000 теңгеге оқушы сөмкесі мен



оқуға қажетті құрал-жабдықтар әперді.

Айта кететін бір жайт – мектеп басшылығы, ұстаздар мен оқушылардың, ата-аналар мен демеушілердің көмегі көңіл жадыратты. Оқу жылын осындай қайырымды шара, игілікті істермен

бастай отырып, біздің ұйымшыл ұжым мүшелері жеткіншектерге саналы тәрбие, сапалы білім беру үрдісін жалғастыруда.

Қаламқас ҚУАНБАЕВА,
«№12 ЖББМ» КММ-нің әлеуметтік педагогі

«Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық кеңесі еңбек ардагері, ҚР білім беру ісінің үздігі, ардагерлердің «Көзқорғендер» халықтық хор ұжымының белсенді мүшесі, республикалық байқаудың лауреаты Сандуған ҚҰЛМАҚОВАНЫҢ қайтыс болуына байланысты марқұмының отбасына, туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық кеңесі еңбек ардагері, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы Есенбек Кәбіріұлы СЫЗДЫҚОВТЫҢ қайтыс болуына байланысты отбасына, туыстары мен жақындарына қайғысына ортақтасып, шын ниетпен көңіл айтады.



• ТЕАТР

Сергелдеңге салған саф сезім

Сәкен Сейфуллин атындағы облыстық академиялық қазақ драма театры кезекті қойлымымен көрерменін ерекше әсерге бөледі. Қойылым мұзалақ ақын Мұқағали Мақатаевтың «Қош, махаббат!» драмасы аясында ел назарына ұсынылды. Қоюшы режиссері – Айдын Салбан.



«Қош, махаббат!» драмасы таза әрі шынайы сезімнен құралған. Алайда, тағдырлары бір арнаға тоғыспай, мәңгі өкінішпен өткен екі ғашықтың мұңлы оқиғасы.

Қойылым бір ауылдан түлеп ұшқан аңғал жастардың мектеп бітіруінен басталып, үлкен өмірге қадам басқан студенттік жылдарындағы екі ғашықтың арасындағы пок махаббатпен жалғасын табады. Бану есімді қыз бен Бағдат атты жігіттің шынайылықтан тұратын нәзік сезімі мен болашаққа құрған жоспары айқын еді. Солай бола тұра, олардың қосыла алмағаны көңілге мұң салды.

– Қойылым көңілінен шықты. Бірақ, екі ғашықтың қосыла алмай кеткені маған ауыр тиді. Басты кейіпкерлер қосылса,



тіпті, жақсы болар ма еді?.. Балалық шақ пен ішкі сезімдерді сөзбен де, іспен де тоғыстыра білген Сәкен театр ұжымына алғысымыз шексіз, – дейді Аяулым Ерлан есімді көрермен.

Бақытты балалық шақ пен ересек өмір бір сахнада көрініс тапқан қойылым көрермен жүрегін елжіретіп жіберді. Театр ұжымының актерлік шеберлік деңгейі жоғары бағаланды. Басты рөлді сомдаған Бақытжан Ерғалиев пен Әнелі Сағындықова ерекше қошеметке ие болды.

– Қойылым сәтті шықты. Әсерлі әрі мәнді оқиғаны жеткізе білді. Мұқағали Мақатаевтың бұл шығармасы барша көрерменге өзіндік ой салғаны белгілі. Өмірдегі ащы шындықты жеткізген тәрбиелік мәні зор драма маған қатты ұнады,

– деп өз әсерімен бөлісті Гаухар Дүйсенбекова атты көрермен.

Адамның бойындағы асыл сезімін бағалап, жанын түсінуден күрделі дүние жоқ. Өлемдегі барлық жазадан ар жаза-сы ауыр. Дегенмен, махаббат деген ұлы сезімнің қадірі кеткен біздің қоғамда ғашық жандардың ортасына түскен жанның ар жазасына тартылуы қажет еді...

Алданыш ОЛЖАБАЕВА,
Е.Бөкетов атындағы
Қарағанды зерттеу
университетінің
IV курс студенті

Суреттер театрдың
баспасөз қызметінен

• ЖАҢА КІТАП


Жақсылардың жоқшысы

Жақында Алматы қаласындағы «ТауПРИНТ» баспасынан жерлесіміз, Бұқар жырау ауданының Құрметті азаматы Жеңіс Шәдетовтің академик Қаныш Сәтбаевтың 125 жылдық мерейтойына арналған «Жақсының аты өлмейді...» атты естеліктер кітабы 150 данамен жарық көреді.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұған дейін 2011 жылы басылып шыққан «Бұқар баба елінде» деген алғашқы кітабында Жеңіс Жұмашұлы өзі туып-өскен Бұқар жырау ауданының сонау құрылған кезеңінен бүгінге дейінгі шежіресін жасап, оның дамып, өркендеуіне үлес қосқан ардагер қарттар мен еңбек майданда-рының, әр сала қызметкерлерінің еңбектерін жария етіп, еш боямасыз, шынайы бейнелеген еді.

Енді ол бұл жолғы екінші кітабының атауына Бұқаркеңнің «Жақсының аты өлмейді...» дейтін қанатты сөзін алып, соған сәйкес осы өңірден шығып, атак-данқы елге жайылған тұлғалар туралы тебірене толғанады. Әсіресе, оқырман одан қазақтың тұңғыш академигі Қаныш Сәтбаев, оның әкесі Имантайдың қазасы, ағасы Бөкештің тағдыры, анасы Әнипа, бойбiшесi Шәрипа мен академик қызы Шәмсиябану, Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясының президенті болғандағы көмекшісі Бөкежан Аябергенов, туған ауылы Үлгідегі Қаныш бағы жайлы бұрын беймәлім болып келген көп жайтқа қанығады. Өйткені Жекеннің әкесі Жұмаш ақсақал Қанағанмен бір жылы туған төл құрдасы және аталас туысы болып келеді де, тірлігінде екеуі қатты сыйласып, араласқан. Сол әкесінен естіген,өзі көріп-білген оқиғалары осы кітаптың



басым бөлігін қамтып, құнды мәліметтер береді. Автор есімдері ескерусіз қалып бара жатқан Қанағанның академик шәкірттері Арықтай Қайыпов пен Ибраһим Оңаевті де ұмыт қалдырмай, елге сіңірген еңбектерін ілтипатпен еске алады.

Сол сияқты бұл кітапқа енген аталас туысы Жұматай (Әбжалап) әулиенің тылсым қасиеттері, өз анасы Қапсаньң қалемінде қасқыр соққаны, қатар өскен достары, журналист Шайхан Жандаев пен қобызшы Сайлау Нокин, ауыл шаруашылығы мамандары Нұртай Танабаев, Сағымбек Асанов, қазақ арасында өскен неміс қызы Вера, жерлес қаламгер Бейбіт Әшкенов жөніндегі әңгіме, естеліктері де жылы оқылады.

Сонымен, туған өлке тарихын түгендеп, толықтыру жолында талмай қалам тербеп, ел-жұртқа, ғылымға еңбегі сіңген қайраткер тұлғалардың есімдерін жаңғыртып, жақсылардың жоқшысы болып жүрген Жеңіс ағамыздың бұл кітабын да көпшілік оқырман жылы қабылдап, құмарлана оқиды деген ойдамыз.

Бұқар жырау ауданы

Сурет автордан

• ГИМНАСТИКА

Қомсынуға болмайтын қола

Қарағандылық акробаттар әлем чемпионатында қола жүлде иеленді. Халықаралық біріншілік Португалияның Гимараес қаласында өткенін атап өткен жөн. Шаһардың «Мультиусос-де-Гимараес» аренасында әлемнің 29 спортшысы бақтары мен баптарын сараңқа салды. Нәтижесінде қарағандылық ерлер дүэт Даниэль Диль мен Вадим Шуляр спорттық акробатикадан әлем чемпионатында қола жүлдені жеңіп алды. Жарыстың финалында қарағандылық спортшылар Испания (28.080) және Әзірбайжан (28.340) өкілдеріне есе жіберіп, 28.040 ұпай жинады.



Осы арада айта кету керек, бұл акробаттар – былтырғы Бирмингемдегі Дүниежүзілік ойындардың (олимпиадалық емес спорт түрлері бойынша Олимпиада ойындары) Әлем чемпиондары және қола жүлдегерлері. 2023 жылы Әлем Кубогы кезеңіндегі үздіктер атанды. Спортшылардың тәлімгерлері – Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушылары Сергей Вертякин және Ирина Балагутина.

Қарағанды гимнастика мектебі

де жеңістен құр алақан емес.

– Аралас жұп Иллирион Маццо-моха – Диана Высоцкая әлем чемпионатының финалистері атанса, Руслан Мелешко – Алиса Котова дүеті жетінші орынға ие болды, – деп хабарлады облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасының баспасөз қызметі.

Өз тілшімізден

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

• КОРЕЙ ЭТНОМӘДЕНИ ОРТАЛЫҒЫНА – 35 ЖЫЛ

Бірлікті ту еткен

Корей мәдени орталығы мен Қарағанды облысындағы корейлердің этномәдени бірлестігі бірлесіп, «Біз біргеміз!» атты мәдени шара ұйымдастырды.

Іс-шара корейлердің этномәдени бірлестігінің құрылғанына 35 жыл толуына орай Корей мен Қазақстан арасындағы мәдени алмасуды нығайту мақсатында өткізілді.

Мерекелік шарада корей мәдениетінің бірегейлігі көрсетіліп, халықтар арасындағы өзара түсіністікті нығайту бағытында өрбіді. Бағдарлама барысында мәдени орталық дәстүрлі билердің киімдері, әшекейлер және басқа да дәстүрлі корей бұйымдары сияқты мәдени заттарды бірлестіктің корей мәдениетін сақтау және дамыту жолындағы жұмысына қолдау көрсету үшін сыйға тарту рәсімін өткізді.

2016 жылы «Академиялық» атағына ие болған, Орталық Азиядағы жалғыз Республикалық мемлекеттік академиялық корей театры қатысты.



Сонымен қатар, сахнада Қарағанды облысы корейлердің этномәдени бірлестігі жанындағы «Муғунхва» ансамблі, оның ішінде, «Кипшы» би ұжымы мен «Саён» дәстүрлі аспаптар ансамблі, сондай-ақ, кю поп «Миднайт» тобы өнер көрсетті. Өртістер корей және қазақтың халықтық шығармаларын орындады.

Корей мәдени орталығының директоры Ку Бон Чоль Қарағанды облысындағы қарістердің этномәдени бірлестігін құттықтады. Ол мәдени өмірге белсенді қатысқаны және қол-паптар ансамблі, сондай-ақ, кю поп «Миднайт» тобы өнер көрсетті. Өртістер корей және қазақтың халықтық шығармаларын орындады.

ұйымдастыру үшін барлық күш-жігерін жұмсайтынын атап өтті.

Аяулым ЕРІАН,
Е.Бөкетов атындағы
Қарағанды зерттеу
университетінің
IV курс студенті

Сурет Қазақстан халқы
Ассамблеясының сайтынан

• КӨРМЕ

Қарапайым сұлулық

Әдеттегідей «Алтын ғасыр» галереясы тағы бір жана көрмемен көз қуантақшы. Бұл кезекті көрме Қарағанды Суретшілер одағының 60 жылдығына орайластырылған. Қыркүйектің 29-ында ашылатын экспозицияда шамамен 30 жұмыс өнерсүйер қауым назарына ұсынылады. Олардың қатарында, пейзаждар, натюрморттар, портреттер бар. Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндағы көптеген картина бұрын-соңды көпшілік назарына ұсынылмаған.

– Бұл – Қарағанды Суретшілер одағымен бірлескен көрме. Картиналардың басым бөлігі Қарағанды суретшілерінің жеке коллекцияларынан алынған. Ешқашан көрмеге қойылмаған жұмыстар да бар. Бұл көрменің басты құндылығы – әлемді кеңірек қаласынан алдымен көшіп кеткен суретшілердің өздерін көруге болады. Олардың көзқарасы ерекше. Олар сұлулықты қарапайым

нәрселерден байқай білген. Сонымен қатар, барлық жұмыстар техникалық тұрғыдан мінсіз, – дейді «Алтын ғасыр» галереясы жетекшілерінің бірі Бибігүл Испопова.

Көрмеде Саркис Саносян, Павел Андруков, Петр Антоненко, Павел Реченский және т. б. сияқты шеберлердің шығармашылығымен танысуға болады. Кіру тегін. Экспозиция 14 қазанға дейін жалғасады.

Өз тілшімізден

ORTALYQ QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор –
Қайрат Жүнісұлы
ӘБІЛДА
Директордың орынбасары –
Оксана Вячеславовна
МЯГКИХ

Бас редактор –
Е.К. МУСАБЕК
Бас редактордың орынбасары –
Қ.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы –
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы –
Ж.Қ. ШАЛҚАР

Телефондар:
Бас редактор: 43-35-37
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Призерлер: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шақтин, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген (R)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № К218ВР00030163 куәлігі берілді.
Газет сөйсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №93 үй.

Электрондық пошта: ortalayk.kz@gmail.com; ortalayk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalayk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJВK2KХ БИН 000840001412

Таралымы 4 185

№ 108 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Кәлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор Жаная ОМАРБЕК